

**«Балабақша – әлеуметтенудің алғашқы мектебі»
әдістемелік құралдына**

ПІКІР

Құрастырушы: Баймбетова Мөлдір Айдархановна

Ұйым: №41 «Назерке» балабақшасы

Баймбетова Мөлдір Айдархановнаның «Балабақша – әлеуметтенудің алғашқы мектебі» атты әдістемелік құралы балдырғандардың әлеуметтік дамуын қолдауға бағытталған мазмұнды әрі өзекті еңбек болып табылады.

Құралда баланың қоғамға бейімделуіне, өз ойын жеткізуіне, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас орнатуына ықпал ететін тиімді әдістер мен жұмыс түрлері ұсынылған. Материалдардың түсінікті тілде берілуі және практикалық бағытта құрылуы тәрбиешілер үшін әдістемелік көмекші ретінде маңызын арттырады.

Автордың ұсыныстары балалардың эмоционалдық жай-күйін ескеруге, қолдаушы орта қалыптастыруға және тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған. Әдістемелік құрал мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісінің сапасын арттыруға ықпал ететін, тәжірибеде қолдануға лайық еңбек деп есептеймін.

Жалпы алғанда, аталған әдістемелік құрал жоғары деңгейде дайындалған және кең көлемде пайдалануға ұсынылады.

Пікір беруші
п.ғ.к., доцент:



Миралиева А.Ж.

**«Балабақша – әлеуметтенудің алғашқы мектебі»
әдістемелік құралдына**

РЕЦЕНЗИЯ

Құрастырушы: Баймбетова Мөлдір Айдархановна

Ұйым: №41 «Назерке» балабақшасы

Ұсынылып отырған «Балабақша – әлеуметтенудің алғашқы мектебі» атты әдістемелік құрал мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі – балдырғандарды әлеуметтендіру үдерісін ғылыми-әдістемелік тұрғыда қарастырған құнды еңбек болып табылады. Автор балабақшаның баланың алғашқы әлеуметтік ортасы ретіндегі маңызын терең ашып, әлеуметтендірудің педагогикалық негіздерін заманауи талаптарға сай ұсынған.

Әдістемелік құралдың мазмұны жүйелі әрі логикалық құрылымда берілген. Онда балдырғандардың әлеуметтік бейімделуін, қарым-қатынас мәдениетін, бірлескен әрекетке қатысу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдістер мен жұмыс формалары нақты көрсетілген. Ұсынылған ойындар, жаттығулар мен педагогикалық жағдаяттар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылғаны байқалады.

Еңбектің тәжірибелік құндылығы – ұсынылған әдістемелік материалдардың тәрбиешілердің күнделікті жұмысында тікелей қолдануға қолайлылығында. Автор баланың тұлғалық дамуын қолдайтын, ынтымақтастыққа негізделген тәрбиелік ортаны қалыптастыру жолдарын нақты мысалдар арқылы көрсеткен.

Қорытындылай келе, Баймбетова Мөлдір Айдархановнаның «Балабақша – әлеуметтенудің алғашқы мектебі» атты әдістемелік құралы мазмұны жағынан толық, ғылыми-әдістемелік талаптарға сай, практикалық маңызы жоғары еңбек деп бағаланады. Әдістемелік құралды мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне, әдіскерлерге және педагогтерге пайдалануға ұсынуға болады.

Рецензент
ф.ғ.к., қауымд.профессор:



Амангазиева М.К.

Кіріспе

Қазіргі қоғамда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың басты міндеттерінің бірі – баланың тұлғалық және әлеуметтік дамуына жағдай жасау. Осы тұрғыда балабақша баланың алғашқы әлеуметтік ортасы ретінде оның мінез-құлқының, қарым-қатынас дағдыларының, эмоциялық тұрақтылығының және қоғамдық нормаларды меңгеруінің негізін қалайды. Сондықтан балабақша әлеуметтенудің алғашқы мектебі болып саналады.

Балдырғандардың әлеуметтенуі – бұл олардың қоршаған ортамен өзара әрекетке түсуі, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауы, әлеуметтік рөлдерді қабылдауы мен мінез-құлық ережелерін меңгеруі арқылы жүзеге асатын күрделі әрі үздіксіз процесс. Мектепке дейінгі кезеңде қалыптасқан әлеуметтік тәжірибе баланың кейінгі оқуына, қоғамға бейімделуіне және тұлғалық дамуына тікелей ықпал етеді.

Қазіргі білім беру жүйесінде ойын арқылы оқыту, серіктестік қарым-қатынас, инклюзивті білім беру, эмоционалдық интеллектіні дамыту сияқты бағыттардың кеңінен қолданылуы балдырғандарды әлеуметтендіру үдерісінің маңызын арттыра түсуде. Осыған байланысты тәрбиешінің кәсіби шеберлігі, педагогикалық әдістерді дұрыс таңдай білуі және баланың жас ерекшелігін ескере отырып жұмыс жүргізуі ерекше мәнге ие.

Бұл әдістемелік құралдың мақсаты – балабақша жағдайында балдырғандарды әлеуметтендірудің тиімді жолдарын көрсету, тәрбиешілерге тәжірибеде қолдануға болатын әдіс-тәсілдер мен ұсыныстар ұсыну және мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелік жұмыстың сапасын арттыру.

Балдырғандарды балабақшада әлеуметтендіруді зерттеудің алғышарттары

Балдырғандарды бала-бақшада әлеуметтендірудің орны мен рөлі

«Дошкольное воспитание» журналын ата-аналар мен тәрбиешілер місе тұтатын.

Бірақ бұл журнал қазақ және басқа ұлттар бүлдіршіндерінің табиғаты, ерекшеліктері оларға ұлттық тәрбие берудің талаптары мен соған орай мәселелерді ескеріп, байыптап, бас қатырып жатпайтын. Қазақстан балабақшаларының жайы мен мүдделерін ауызға да алмайтын, тиіп қашып та жазбайтын. Сондықтан да бізде бүлдіршіндерді отбасында, балабақшада тәрбиелеу талаптары көбіне елеусіз қалып келгені осының салдарынан ұрпақ тәрбиесінде халықтық педагогика, ана тілімен салт-дәстүріне баулу, ұлттық психология мен этика, эстетика мәселелері қалыс қалып соның салдарынан қазақша жетік білмейтін дүбара, «шала қазақ» өркендердің пайда болғаны қазақтың тілі мен мәдениетінің шешек ата гүлденуіне кедергі жасап, келеңсіз кесел бел алғаны хас шындық.

Әлемдік білім кеңістігінде мектепке дейінгі педагогиканың мәселелерін шешуде тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіру, үнемі жаңалыққа жол ашу бағыттары қарастырылуда. Осы орайда, Қазақстандағы мектепке дейінгі тәрбиені ғылыми-теориялық, педагогикалық, әдістемелік тұрғыдан негіздеуде Ыбырай Алтынсарин атындағы білім академиясы тарапынан ұзақ жылдар бойы ғылыми зерттеулер жүргізіліп келді. Оқытудың жаңа бағыттары мен технологиясын іздеу, тәжірибеге енгізу нәтижесінде әдістемелік жұмыстар жүйелене түсуде. Ең негізгі мәселе— педагогикалық ұжымның кәсіптік шеберлігін аттыру, әр тәрбиешінің шығармашылық дамуына жағдай туғызу, озат тәжірибені пайдалана білу, тәрбиелеу ісін демократияландыру. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарттары мен оқу әдістемелік кешендердің дайындалуы осының айғағы.

Балабақшада тәрбиенің негізін қалаудың тиімді жолдарын қарастырап болсақ, ол күнделікті қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырып, мектепке дейінгі ұйымдардағы білім сапасын арттыруға байланысты болмақ. Ол үшін жалпы жағдайларды жақсарту басты міндет. Біріншіден, білім мен тәрбие беруге арналған дамытушы ортаны жабдықтау қажет десек, ол мектепке дейінгі кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен құндылықтарын сақтайтын, баланың балалығына бағытталуы шарт. Екіншіден, тәрбие ұйымдарының басшысы мен тәрбиеші педагогтар қауымы кәсіби шеберліктерін үнемі шыңдап, білімін жетілдіруге жүйелі көңіл бөліп, ұжымның шығармашылық бағыт-бағдарын айқындап, оны жүзеге асыруға белсенділікпен ат салысуға және жағымды психологиялық ахуалдың тұрақтануына ықпал етуі қажет. Сондай-ақ отбасының сұранысы мен талап-тілектерін қанағаттандыру және балаға берілетін білім мен

тәрбие үдерісі жайында ата-анамен үнемі бірлескен ынтымақты негізде жұмыс істеу өте маңызды. Әсіресе ұжымда өз еңбегінің нәтижесімен, жаңалығымен шығармашылықпен көзге түскен мамандарды марапаттау (мақтау қағазы, үздік еңбек ері, орден, медальдар) өзгеге өнеге, жастарға үлгі боларлық мәртебе, тәрбиеге тірек, білім сапасын арттыруға берік негіз болар еді. Үшіншіден, балабақшаларда еңбек етуге толық жағдай жасалып, тәрбиелеу мен білім берудің технологияларын сауатты меңгеріп, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдер жүйесін кәсіби шеберлікпен игеріп, оны тәжірибеде пайдалануға шығармашылықпен үлес қосып отырса құба-құп. Бұл аталған мәселелер тәрбиелеу мен білім сапасын көтерудің жалпы жағдайлары болса, онда оған қажетті негізгі жағдайлар ретінде төмендегі міндеттерді жүзеге асыру қажет:

– балабақшадағы жұмыс істейтін бағдарлама мазмұнын жаңарту мен оны толық меңгерудің тиімді әдіс-тәсілдерін таңдай білу;

– мектепке дейінгі жастағы баланың өмірін қорғау және іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру;

– арнаулы мамандармен қамтамасыз ету және тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді жолдарын меңгеру;

– оқу әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

– заттық дамытушылық ортаны жабдықтау, оның тәрбиелік ықпалды болуына көңіл бөлу;

– педагогикалық ұжымның басқа да әлеуметтік институттармен, білім беру ұйымдармен өзара тығыз байланыста болу;

– оқу-тәрбие жұмыстарына психологиялық қызмет көрсету;

– балабақша меңгерушісі мен тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін үнемі көтеріп отыру;

– мектепке дейінгі ұйымдарды басқарудағы жаңашылдық, ымырашылдық және кәсіби шеберлік пен адами қасиеттердің басым болуы шарт.

Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында тағылымды тәрбиенің негізін қалау үшін оған арнаулы мамандар дайындауды жолға қою, жоғары оқу орындарындағы мектепке дейінгі тәрбие факультеттерінің санын да сапасын да жақсартуға баса назар аударылғаны жөн. Бүгінге дейінгі жоғарғы оқу орнындағы мектепке дейінгі білім беру мамандығын, педагогикалық колледж және бакалаврлар дайындаудың мазмұны бірін-бірі қайталайтындығы байқалуда. Сондықтан бұлардың әр деңгейінде өзіндік күрделену мен қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі тәрбиенің даму тенденциялары ескерілуі қажет. Балабақша ұйымдарын жаңа философияға негіздей басқару, яғни жеке тұлғаға бағдарланған мотивациялы-жүйелік тұрғыдан жүзеге асыруға мән берілсе, іс-әрекетте тиімді қолдана білуге көңіл бөлінгені абзал. Сондай-ақ болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие беретін мамандарды, тәрбиеші-педагогтарды әлеуметтік жағынан қамтамсыз ету, тұрғын үй, жатақхана беру, еңбек ақысын көтеру сияқты мемлекет тарапынан көрсетілер қамқорлыққа зәрулік те артып отыр.

Балабақшадағы «балалардың балалығын өзіне қайтару», мектептік жүйені қайталамау, балалардың жағдайы жақсы болуы үшін педагогикалық

талаптардың орындалуы, күн кестесі кезеңдерінің жүйелі дұрыс ұйымдастырылуы, тамақтану мерзімі мен сапасының дұрыс болуы, олардың денсаулығын сақтау, құқығын қорғауды ата-аналармен ынтымақтастықта бірлесе еңбек ету маңызды болмақ. Бүгінгі таңда балабақшада балалардың алған білім, білік дағдыларын күнделікті өмірде іс-әрекетте өз тәжірибесінде қолдана білуге үйрету, яғни өмірлік дағдыны қалыптастыру қажет.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келетін болсақ, балабақшадағы тағылымды тәрбиенің негізі: тәуелсіз Қазақстан Республикасын өркениетке жеткізу жолында келер ұрпақты жоғары мәдениеттілік пен имандылыққа тәрбиелеу; баланың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ерте бастан сіңіру; жаңа ғылыми көзқарас қалыптастыру; білім мазмұнын жаңарту; оқу-әдістемелік еңбектермен қамтамасыз ету; өз болашағына үлкен жауапкершілікпен қарау;

Аталған ауқымды мәселелер мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарынан бастау алатын болғандықтан олардың желісін қалпына келтіру, балабақшаларды көптеп ашу, оны басқаруда педагогикалық менеджментті қолдану, жаңашылдықпен, тың көзқарастармен еңбек етуге бағыт-бағдар алу кезек күттірмейтін мәселе.

Баланың өсіп-жетілуі, жеке тұлға ретінде қалыптасуы оның нәрестелік шағынан жүйелі түрде берілетін тәрбиесіне, тәрбиелей отырып меңгерілетін білім-білік дағдыларына байланысты.

Ақыл-ой тәрбиесінен педагогикалық, психологиялық талаптар деңгейінде кемелдендіру– баланың адамгершілік, эстетикалық талғам қасиеттерінің, дербес іс-әрекеттерінің қалыптасып, дамуының кепілі. Ойлай, сөйлей білетін бала жан-жағына бақылай қарап, байыптай білуге, күнделікті өмірде өтіп жататын іс-әрекетке, әдеби-музыкалық ойын-ермекке. Көркемөнер туындыларының сәулетті көріністеріне, талғампаздыққа, жақсы-жаманды ажырата білуге үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар айналадағы өзін қоршаған дүниеден, табиғат, тұрмыс-тіршіліктен алған әсерін, көрген-білгенін оймен қорытып, сөз арқылы іске асырады. Баланың өмірді танып-біліп, сезініп, түсіну, қабылдауда қолданар басты құралы – сөйлеу тілі.

Қазақ елінде тұңғыш рет психология, педагогика құралдарын жазған Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтар өз еңбектерінде балаларды жан-жақты дамыта тәрбиелеу, олардың психологиялық үрдістерін (ақыл-ой, қиял, ес, зейін, сезім, қабылдау т.б.) жетілдіру, ана тілінде сөйлеуге үйрету мәселесіне ерекше назар аударып, сол кездегі қоғамдық өмірге, қазақ ауылындағы тәрбиешілерге лайықты түрде бағалап көрсеткен.

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» деген еңбегінің «Ойлауды өркендету» атты бөлімінде: «ойлау– жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен іс істеу керек. Өркендету жолдары мыналар:

1. Баланың жанында дұрыс әсерленулер һәм ашық суреттеулердің көп болуына іждаһат қылу керек... бала пікірді суреттердің өзінен шығарып алсын.

2. Бала заттарды, көріністерді сындарды ұқсас сындары бойынша топ-топқа бөліп үйренсін. Мысалы: өсімдікті, жануарды топ-топқа бөлу сияқты.

3. Бала көріністердің, ойлардың араларындағы байламды һәм олардың қайсысы қайсысына себепкер екенін біліп үйренсін», – деген.

М.Жұмабаевтың бала тәрбиесі жөніндегі идеялары, тұжырымдары бүгін де құндылығын жойған жоқ. Өйткені оның еңбегі қазақ елінің болашағын жан-жақты жетілдіру мақсатын көздейді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жұмысының негізгі түрі – сабақ. Біз «сабақ», «оқыту» деп аталатын терминнен қалай да алшақтап кете алмаймыз. Себебі балабақшада меңгерілетін қарапайым білім негіздері де балалар ұжымында тәрбиешінің басшылығымен, белгілі бір мерзімде өтіледі. Арнайы өтілетін сабақтардың мақсаты, мазмұны «Балбөбек» бағдарламасы негізінде белгіленеді.

Балдырғандардың тәлім-тәрбиесінің бала-бақшада ұйымдастыру ерекшеліктері

Ене сүтінен ажыратқан құлыншақтай, отбасындағы қалыпты өмірден бір сәтке қол үзіп, жаңа бейтаныс ортаға – балабақшаға келуіне байланысты ата-ана мен тәрбиешілер тарапынан оған ерекше көңіл бөлу қажеттігі туады.

Себебі бір бағытта, үй іші қамқорлығында өсіп келе жатқан сәбидің ұжымдық орынға ауысуы оның психологиясына күшті әсер етіп, айналадағы тұрмыс-тіршілікке, белгілі күн режимі бойынша өтілетін тәрбие жұмыстарына, тәрбиеші ұсынған жеңіл-желпі тапсырмаларды орындауға, бейтаныс балаларға – бәр-бәріне жатсына қарайды. Оларға бой үйрету үшін біраз жұмыс жүргізуге тура келеді.

Сондықтан ата-аналар балабақшадағы ойын-ермек, ойыншықтар туралы әңгімелесіп, балабақшаға барарда баланың көңіл-күйін жабырқатпай, көңілдендіріп әкелуге тиісті. Ал балабақша тәрбиешілері, дәрігерлер қабылдау сәттерінде жаңа келген балаға жылы шырай білдіре сөйлесіп, оның жасына лайықты (доп, машина, қуыршақтар беріп, қуанта қабылдаса, қабылдау кезінде, мүмкін болғанынша) ұлттық ән-күй ойнатылып тұрса («Келші, келші балашым», «Қуыр-қуыр-қуырмаш» т.б.) бала көңілі әуен ырғағына еліктеп, өзімен келген ата-анасының кеткенін де байқамай қалады.

Өкінішке қарай, тәжірибе жүзінде осы айтылғандар орындалмауы, қабылдау сәтінің дұрыс ұйымдастырылмауы себепті бала ата-анасымен жылап айырылысады. Мұндайға жол берілмеуге тиісті.

Баланың күнделікті іс-әрекетте белсенді болуы оның денсаулығына, ой өрісіне, сезім, қабылдау әрекеттерінің жетілу деңгейіне, таным қабілеттілігінің қалыптасуына байланысты.

Өмірде, күнделікті тұрмыста болып жататын өзгерістер, арнайы ұйымдастырылған тәлім-тәрбие жұмыстары олардың рухани жан дүниесіне әсер етіп, физиологиялық, психологиялық жағынан дамып, жетіле түсуіне ықпал

жасайтыны белгілі. Сол себептен ата-аналар, тәрбиеші-педагогтар тәлім-тәрбие жұмысының бала жасына, даму деңгейіне лайықты. Оны қызқтырып, еліктіретіндей болуына, баланың бүкіл рухани жан дүниесіне, көңіл күй әрекетіне кешенді әсер етерліктей болуына баса назар аударуы қажет.

Баланың жалпы жан көріністерінің бір-бірімен байланысты болуы іс-әрекетке бүкіл жаратылыс болмысымен қатысатыны жайлы М.Жұмабаев жан-жақты талдай келе, былай түйіндеген:

«Бірінші, баланың барлық жан әсері бір-біріне берік байланған болады, бірімен бірі бірге жүреді. Мысалы, баланың денесі мен жаны, ақылы мен сезімі, сезімі мен қайраты бәрі бірге іс қылады, бұлар бір-бірімен күресе білмейді. Бала бір нәрсеге ұмтылса, сол нәрсеге баланың денесі, жаны, ақылы, сезімі, қайраты–бәрі бірге жұмсалады. Бала шақта алынған әсердің өмір бойы естен шықпауының мәнісі, сол бала шақта алынған әсер ер жеткенде адамның ақылының, ой пікірінің һәм мінезінің қандай дәрежеде, һәм түрде болуына негіз сықылды. Балалықта ылғи жағымды әсер алынса, адам өмір бойы шат көңілде болмақ. Балалықта жағымсыз әсер алса, қорлық. Жоқшылық көрсе, адам өмір бойы қасіретке бейім болмақ.

Екінші бала ылғи іске ұмтылады. Дені сау бала тіпті қарап отыра алмайды. Бірақ бала не істеуге һәм қалай істеуге білмейді. Сондықтан ол ересек адамдардың не істегенін һәм қалай істегенін өнеге қылады. Баланың еліктемпаз болуы осыдан.

Еліктеу– затында тіпті теріс нәрсе емес. Еліктеу адамның жаратылысында бар нәрсе. Еліктемейтін адам болмайды. Себебі бар нәрсені өз ойымен таба алмайды. Оған өмірі де жетпейді. Бәлкім басқалардан қалған ұнамды нәрсені ала қояды. Жалғыз-ақ жан ісі тіпті әлсіз балада еліктеу тым-ақ күшті болады.

Жоғарыда айтылғандай, баланың жаратылысы ересек адамның жаратылысынан басқа болғандықтан, тәрбиешінің негізгі ұстайтын жолы:

1. Бала еліктемпаз болғандықтан, баланың ылғи сұлу һәм құлықты әсер алуына іждаһат қылу керек. Әсіресе баланың ата, ана һәм тәрбиешісі– солардың өздерінің барлық істері сұлу һәм үлгілі болуға тиісті. Баланың еліктейтіні солар. Және бала тіпті сенімпаз болады. Сондықтан баланы өз күшіне өзін сендіріп үйрету керек. Қолынан түк келмейді дей берсең, бала жасқаншақ, жасық болып қалады. Осыдан сақтану керек.

2. Бала ешуақытта іссіз отыра алмайтын болғандықтан, балаға ылғи пайдалы іс беріп отыру керек. Сол уақытта бала өз бетімен қайдағы нашар, зиянды істерге әдеттеніп кетпейді.

Ұзын сөздің қысқасы, бала кәдуілгі адам болғанмен, баланың жаратылысында көп басқалық бар. Балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек. Жас бала– жас бір шыбық. Жас күнінде қай түрде иіп тастасаң, өскенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең, сындырып аласың. «баланы бастан» деген мәнісі– осы. Тәрбие деген– баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Баланы тәрбие қылу– тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару

деген сөз. Қалса өзін, асса барлық адам баласын әділ жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғыық теңізін қалың қайртапен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы адамзат дүниесінің керек бір мүшесі бола алатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару. Баланы мұндай адам қыла алу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек»– дей отырып, Мағжан өз ойын ұлы Абайдың

«Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға» – деген өлеңімен түйіндейді.

Осындай психологиялық, педагогикалық талаптарға орай, тәлім-тәрбие жұмыстары бір топтан екінші топқа өткен сайын күрделеніп отырады.

Жаңа бағдарлама бойынша аптасына бес рет ұжымдық тәрбие жұмысы жүргізілетін болып ұйғарылды. Күн режімі осыған сәйкес өзгертілді.

Бүлдіршіндер тобында сабақ ұзақтығы– 45 минут. Көрсетілген уақыт ішінде балалардың сөздік қорын дамыту, санауға, бейнелеуге үйрету, ән айту, қимыл-қозғалыс жасату т.б. сияқты тәрбиенің қарапайым негіздері меңгеріледі.

Бөбектермен өткізілетін тәрбие жұмысында алғашқы кезде (бір-екі ай) олармен сөйлесу, үй-іші, ата-анасы туралы сұрау, бөлмедегі, бақша алаңындағы заттарды, ойыншықтарды көрсетіп, атын айту, түсіндіру, таныстырған заттардың атын сөзбен атап айтуға үйрету. Шағын өлең-тақпақтар, ертегілер оқып беріп, тыңдату, тыңдата отырып, шығарма кейіпкерлерінің өзін (мысық, торғай, қозы, күшік) немесе суретін көрсетіпәңгімелесу, ойната отырып сөйлету, зат пен сөз арасындағы нақты ұғымын кеңейтіп, таным қабілетін жетілдіру тәріздес жұмыстар әрбір ойын-сауықтар сайын кешенді (комплексті) түрде іске асырылып отырады.

Мысалы:

Кіп-кішкене Момақан,
Қошақанды ұнатам.
Сүйеді апам «қозым» деп,
«Қошақаным, өзің»,–

деген өлең шумағын жатқа айта отырып, тәрбиеші қозының өзін немесе ойыншық қозыны көрсетеді. Қозының құлағын, көзін, аяғын көрсетіп, санатады. Қозы ненің төлі? Сенің көзің, құлағың, аяғың қайсы? Сенің қолың, аяғың нешеу? – деген сияқты сұрақтар бере отырып, ойната сөйлетеді. Сол сияқты өлең-тақпақтарды, «Торғай мен түлкі», «Қияр мен капуста» т.с.с. ертегілерді оқып түсіндіру, тыңдату, ойнату баланы ерекше әсерлендіретінін көп жылғы бақылау жұмыстары дәлелдеді.

Осылайша баланы ойынға, ойыншыққа қызықтыра отырып, ол жұмысты әдеби-музыкалық ойын-жаттығу көріністерімен, үстелде ойналатын көлеңке театры, слайдфильмдер көрсетумен, сурет, бейнелеу жұмыстарымен біртіндеп байланыстыра, кеңейте жүргізу– оны ойлауға, сөйлеуге, қимыл әреткетін дамытуға, айналадағы дүниені бақылап көруге, тани білуге жетелей түседі.

Сондай-ақ санау дағдыларын дамыту үшін «біреу, екеу, үшеу, қолымда саусағым нешеу?» деп немесе саусақтарын біртіндеп, жұмдыра ойнатып, «санамақты» оқып түсіндіру, осы санамақ арқылы аз-көпті ажырату, еңбекке үйрету нышандары жүзеге асырыла бастайды. Тәрбиешінің: «саусақтардың бәрі жұмысқа кетті, мына кішкентай бөбек қана үйде қалды. Оның сендермен ойнағысы келеді», – деп аяқтауы, пластилиннен, не қағаздан жасалған қуыршақтың саусақтармен ойнатуы сәби көңілін қуанышқа бөлейтіні сөзсіз.

Ең соңында тәрбиеші: «Кәне бәріміз кішкентай бөбекті ұйықтатайық», – деп бесікке бөлеу ойынын ойнатады. Мұндай ойындарды оқу жылының бастапқы кезеңдерінде-ақ ұйымдастыруға болады. Өйткені қазіргі балалар 3 жасқа дейін үйде болып, 3 жастан аса балабақшаға келеді.

Бөбектер тобынан басталып, кеңейтіле өтілетін тәрбиенің ең бастыларының бірі– баланы тазалыққа, ұқыпты және дұрыс жуына білуге, өздігінен киініп, шешінуге, киім аттарын дауыстап айта білуге, жыл мезгіліне орай киілетін киімдерді ажырата, топтастыра білуге үйрету.

«Денсаулық– зор байлық» екенін есте сақтай отырып, баланы жыл маусымыкездерінде болып жататын құбылмалы ауа райына төзімділікке үйрету, су. Ауа, күн ванналарын пайдалана шынықтыру керек. Қимыл-қозғалысындамытып, қозғалмалы ойындар ойнатып, күн режимінде көрсетілген серуен, ойын, тамақ, сабақ, ұйқы кезеңдерін мүлтіксіз орындату керек. Әрбір тәрбие кезеңіне қажетті әдеби-музыкалық ойын-ермек көріністерін жасатып отырған жөн. Балалар дербес орындау үшін ұсынылатын қарапайым тапсырмалар күн ілгері әзір болуға тиісті.

Әрбір ойын, сабақ, еңбек, серуен т.б. тәлім-тәрбие жұмысында баланың ой-өрісін, қабылдау, зейін, сезім әрекетін, ауызша сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту, бағдарлама тақырыптарына сәйкес өмірге қажетті білім-дағдыларын меңгерту, тәжірибе қолдана білуге үйрету, әдептілік, әдемілік, ізеттілік, мейірімділік, еліне, халқына сүйіспеншілік, эстетикалық, сезімталдық қасиеттерін жетілдіру, еңбекке белсенділігін арттыру көзделеді.

Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін, балабақшада тәрбиелеу, білім беру мазмұнын жаңарту– тәрбиешілердің шығармашылық шеберлігіне, ізденімпаздығына тікелей байланысты. Өйткені ол – бала тәрбиелеу тәсілдерін ата-аналармен қоян қолтық бірлікте жүргізе отырып, жас сәбидің қалыпты деңгейде өсіп-жетілуін, ойлау, сөйлеу қабілетін, мінез-құлық дағдыларын ұлттық сана мен салтқа қалыптастыру, ізгілікке, парасаттылыққа баулу сияқты тәлім-тәрбие жұмыстарын белгілі бағытта жүйелі түрде ұйымдастыра білетін басты тұлға.

Баланың дүниетанымын дамыту, элеуметтік және ұлттық психологиясын қалыптастыру, оларды өзін қоршаған ортада, айналада болып жатқан жағымды, жағымсыз құбылыстарды сезіне, түсіне, ойланып- толғана, әсерлене білуге үйретіп, өмірге қажетті дағдыларды меңгерту– отбасы, балабақша тарапынан бірлікте жүзеге асырылады.

Баланың алғашқы інгәсынан, тіпті ана құрсағынан (соңғы зерттеулер бойынша) басталатын тәлім-тәрбие, айналадағы дүниені сезіне, танып-көре, жақсы-жаманды ажырата білу– бала санасына мысқалдап орнығып, сатылай кеңейтіліп отыратын ұзақ үрдіс.

Балаға меңгерілетін білім-дағды деңгейін жүйелі, сатылы жүргізу балалар педагогикасы мен психологиясына үйлесімді, ұлттық негізде жасалған «Балбөбек» бағдарламасында нақты тақырыптарға бөлініп көрсетіледі.

Бөбектер тобында кешенді түрде өтілетін тәрбие жұмысында айналадағы дүниені, табиғат көрінісін, өз бөлмелеріндегі күнделікті ойнайтын ойыншықтарды, тамақ-ішетін ыдыс-аяқтарды, киім-кешек, төсек-орындарды көрсетіп, таныстырып, қалай алатынын айтып, ұғындыру арқылы баланың сөздік қорын дамытып, тәрбиешімен, құрбыларымен қарым-қатынас жасағанда оларды тыңдап, дұрыс жауап беру тәсілдеріне үйретледі. Барлық тәлім-тәрбие кезінде баланың ой белсенділігін арттырып, қиялдау, зейін, сезім (сенсорлық) әрекеттерін жетілдіру. Өзін қоршаған дүние жайында түсініктерін кеңейту, үй ішіне, балаларға, тәрбиешіге сыйластық, ізеттілік, мейірімділікке тәрбиелеу көзделеді.

Балабақша үйі, онда қызмет істейтін адамдар жөнінде түсінік беріледі. Күнделікті ішетін тағамдар, оны қайда, кімдер жасайтыны, кейбір тағам аттары туралы (бауырсақ, шелпек, құрт т.б.) түсіндіріледі.

Осындай сан алуан тәрбие жұмысы білімдік мазмұнға құрылған, баланың жалығып шаршамауы ескерілген ойын әдісі арқылы жүзеге асырылады.

Балабақшадағы тәлім-тәрбиені қалыптасқан дәстүрден тыс ұйымдастыру бағытында біз балалар ұжымында өтілетін тәрбие жұмысында халықтың ауыз әдебиеті мұраларын, ұлттық киім, ыдыс-аяқ, тағам түрлерін (ойын, ойыншық түрінде) кеңінен қолдандық. Осының бәрі бағдарламада көрсетіледі. Мұндағы мақсат- бала жасына лайықты түрде қазақ халқының ауыз әдебиеті мен мәдениетін, өсиет- өнегелерін бала санасына жеткізіп– ұлттық психологияны орнықтыру, өз ана тілінде қысылмай еркін сөйлеуге үйрету, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр үлгілеріне тәрбиелеу.

Сөзім дәлелді болу үшін Өскемен қаласындағы №15 «Меруерт» балабақшасындағы тәрбиешілер тәжірибесінен бір жұмысты ұсынып отырмыз. Бүлдіршіндер тобына өтілетін сабақ.

Сабақтың тақырыбы. Әуенді қимыл қозғалыс.

Сабақтың мақсаты. Балаларды аяқ-қолдарын емін-еркін қимылдатып, үйлесімді, әсем жүру мен жүгіруге, бойын дұрыс ұстай білуге, секіргенде аяғын бүгінкіреп, жайлап түсіруге үйрету, ептілікке баулу. Сазды әуендер, ойын арқылы сезім, қимыл қозғалыс белсенділігін жетілдіріп, дене сымбатын қалыптастыру. Өлең тақпақ, жұмбақ оқу, сөздік қорын, диалог түрінде сөйлеу тілін дамыту.

Көктем туралы түсінігін кеңейте отырып, табиғатты аялап, оған қамқорлықпен қарауға, әдептілікке, тазалыққа үйрету.

Көрнекіліктер арқылы санауға үйретіп, көркемдік талғамын, ұжымдық іскерлік дағдыларын қалыптастыру.

Әдіс-тәсілдер. Түсіндіру, әңгімелесу, ойын, сұрақ-жауап, көрнекілік.

Көрнекіліктер. Кедергілерге қажет биіктігі 8-10см заттар, кедір-бұдыр тақтай, гүлдер, бүрленген бұтақтар, бұлақтың макеті, жатаған үстелдер, қоржын, ұнтаспаға жазылған құстардың дауысы атрибуттар.

«Көктем вальсі» музыкасы ойналады. Балалар музыка ырғағымен ұлттық би элементтерін жасап, залға кіріп, бірінің артынан бірі жүріп, музыкаға сәйкес жүгіріп, әдейі жасалған кедергілер арасынан өтіп, биіктігі 8-10см заттардың үстімен секіріп, кедір-бұдыр тақтай үстімен баяу жүріп келіп, шеңбер құрып тұрады.

Тәрбиеші:

– Балалар, айналаға қараңдаршы, табиғаттар қандай өзгерістер көріп тұрсындар?

– Жерге шөптер шығып келеді.

– Гүлдер қауызын ашты.

– Гүлдердің түсі қандай?

– Ақ, сары, көк.

– Тағы да қандай өзгерістер көріп тұрсындар?

– Ағаштарда кішкентай жапырақтар пайда болды.

– Қалай ойлайсындар, қазір жылдың қай мезгілі?

– Көктем.

– Көктемде қандай өзгерістер болады? Нелер оянады?

– Ұйықтап жатқан аюлар оянады.

– Дұрыс онда барлығымыз осы аюлардың ұйықтағанын, оянғанын, орманда қалай серуендеп жүргенін көрсетейік.

– Сендер таңертең оянғанда не істейсіңдер? (Қалай оянасындар?)

Балалар кілем төселген еденге жата кетіп, еркін қимыл-қозғалыс жасайды.

– Міне, біздің кішкентай қонжықтар да оянды. – Қонжықтар тұрайық. Тұрайық. Орманға серуенге барайық.

– Аюлар қалай жүреді? (Аюдың жүрісін, қимылын бейнелейді).

– Қараңдаршы, мынау не?

– Жол.

– Ия, бұл жаяу адам жүретін жол, біріміздің артымыздан біріміз жүрейік, қайда апарар екен?

Бұлақтан секіріп жүрген лақ кездеседі. Ақ лақ балалармен сәлемдеседі

(Тәрбиеші балаларға қосымша сұрақтар қояды. – Бізге кездескен не? Оның тоны қандай екен? Т.с.с.).

Ақ лақ:

– Балалар, сендер мына бұлақтан аяқтарыңды тигізбей өте аласындар ма? Міне, қараңдар, былай секіру керек?

Ақ лақпен бірге балалар бұлақтан секіреді.

Тәрбиеші:

– Ақ лақ, балалардың аяқтарын суға тигізбей секіре алатынын көрдің, ал енді сен тыңдашы, бұл балалар лақ, қошақан туралы жұмбақ, тақпақтар, өлеңдер де айта біледі.

Мен лақпын, лақпын,
Бойымда бар бір-ақ мін.
Әлім жеткен кішіні,
Сүзіп қалып жылаттым.

Ақ лақ:

– Бәрекелді, мынау тентек лақ қой. Кішкентайларды жәбірлеуге, жылатуға бола ма екен?

Шауып жүріп арыдым,
Жеңілтектеу шығармын.
Жас шыбықтың қабығын
Қажалауға құмармын.

Тәрбиеші:

– Балалар, тыңдандаршы, жас шыбықтың қабығын қажалауға құмармын,– дейді. Сонда ағаштың қабығын қажалауға, бұтағын сындыруға, жапырақтарын жұлуға бола ма екен?

Мен қозымын, қозымын,
Жақсы бір ән– өз үнім.
Жаздай шопан атаның
Аузындағы сөзімін.

(Т.Молдағалиев)

Балалар «Қошақаным» деген әнді айтады. Үнтаспадан құстардың дауысы естіледі.

– Балалар тыңдандаршы, бұл ненің дауысы?

– Құстар қайдан келді?

– Құстар жемді қалай шоқиды? Суды қалай ішеді? Қайтіп ұшады?

Музыкаға сәйкес қимылдар жасату.

Ақ лақ:

– Балалар, менің сендерге әкелген бір сыйлығым бар еді, бірақ қоржынымды қайда қойғанымды білмеймін, іздеп көрейікші.

Қоржынды тапқандарға алғыс айтып, ішіндегі гүлдерді, ағаштың бұтақтарын, құстарды алып ұсынады. Балалар бірігіп табиғат көрінісі туралы жұмыс жасайды.

Ойын. «Күн мен жаңбыр».

– Балалар сендер тазалық туралы не білесіңдер?

– Саусақты сорма.

– Тамақты ішер алдында қолды жуу керек.

– Тамақты псықпай ішу керек.

Беті-қолды сабындап,

Жиі жуу пайдалы-ақ.
Тұра алмайды дамылдап,
Микробтар тайғанап.

«Кел, балақан, балақан!» биі қимыл-қозғалыспен орындалады.

Ойын. Кірпі балаларға доп әкеледі. Әуенді ырғақпен бәрі доппен ойнайды. «Сылдырмақтар» әуені ойналады. Биші кірпі балаларға сылдырмақ ойыншық сыйлайды да, сылдырмақ биін билейді. Әуен ырғағымен би қимылын жасай жүріп, балалар өздеріне, белгілі орындарына отыра қалып, сылдырмақты мүсіндеу жұмысын орындайды.

Қорытынды. Балалардың сабақта не үйренгені, не істегені, тапсырмаларды, ойын-жаттығуларды жақсы орындағандары туралы айтып, жасаған сылдырмақтарды көрсетіп мадақтайды.

Осыдан соң, «Көктем вальсі» ойналады да әуен ырғағымен балалар өз бөлмелеріне кетеді.

Балаларды тазалыққа үйрету мақсатында А.Меңжанованың төмендегі өлеңдерін оқып, қуыршақпен ойнату арқылы жаттықтырып отыруға болады.

Білеміз бе оны біз?

*Қайсы біздің қолымыз,
Білеміз бе оны біз?
Міне, міне, қолымыз,
Білеміз ғой оны біз.
Қол соғайық бір, екі,
Ал санайық бір, екі.*

*Қайсысы оң қолымыз?
Қайсысы сол қолымыз?
Білеміз бе оны біз?
Мінеки- оң қолымыз,
Мінеки- сол қолымыз,
Қол соғайық, бір, екі,
Ал санайық бір, екі.*

Менің қара мысығым

*Түсің қара көмірдей,
Мысығым-ау, мысығым,
Ертелі-кеш ерінбей,
Бетін жуған пысығым.*

*Өзі әдемі, әп-әсем,
Айтқаныңды ұғады-ау.*

*Шөтке сатып әперсем,
Тістерін де жуады-ау.*

Бала-бақшалық тәлім-тәрбие әдістері

Үзіліссіз тәрбиелеп, білім беруге негізделген мектепке дейінгі тәрбие жұмысының мазмұнын жаңарту, баланың ой-өрісін, дүние танымын, дербес әрекетін дамытып, оны тұлға ретінде қалыптастыру бүгінгі қоғамдық өмір талаптарынан туындайды. Осы міндеттерді жүзеге асырудың алғышарты іспеттес жаңа бағдарлама – «балбөбек» бағдаламасында көзделген басты мақсаттардың бірі – балабақшадағы тәрбие жұмыстарын халықтық педагогикаға үйлесімді, кешенді ұйымдастыру. Яғни, жекелей жүргізіліп келген тәрбие тақырыптарын бір-бірімен сабақтастыра ұйымдастырып, балаларға меңгерілетін әр салалы білім дағдыларды күніне бір арнайы сабақ түрінде жүзеге асырады.

Өйткені мектепке дейінгі тәрбиенің де негізгі түрі – сабақ. Ол жасына қарай топталған балалар ұжымында, белгілі уақыт бойында тәрбиешінің басшылығымен өтіледі.

Көрнекті психологтар А.Л.Львонтьев, Д.Б. Эльконин, А.В.Запорожец, Л.С.Выготский және басқа ғалымдардың ұзақ жылдар бойы жүргізілген зерттеу нәтижелері баланың ойлау қабілеттілігін дамыту арнайы өтілетін сабақ процесінде және бала өз бетінше әрекет жасауға төселген де ғана жүзеге асатынын дәлелдейді.

Әдіскер ғалым А.П.Усова – балабақшадағы тәрбие жұмысын кешенді ұйымдастыру жөнінде жүргізген ғылыми зерттеулері нәтижесінде «Балабақшада білім беру: ауызша үйрету, оқыту балалар ұжымында арнайы өтілетін сабақ арқылы жүзеге асатыны» туралы идеяларды ең алғаш ұсынушылардың бірі. Бұл ғалым белгілі білім- дағдыларды меңгерту тәсілдерін ұсына келе, балабақшадағы сабақтың міндеті туралы: «Тәрбиешінің білім мен іскерлікті жоспарлы түрде және тиянақтылықпен ұштастыра білуі... мектеп жасына дейінгі балалардың оқуға деген қабілетін тәрбиелеу болып табылады», – деп көрсеткен.

Балалардың психологиялық жағынан даму ерекшелігін, ес, зейін, ойлау, сөйлеу, қабылдау, түйсіну, іс-әрекет тұтастығы туралы қазақ отбасы тәрбиесін талдап көрсетіп, тәрбиені кешенді жүргізу, оған үлкендердің басшылығы туралы М.Жұмабаев «Педагогика» деген еңбегінде атап көрсеткен.

Сабақтарды ұйымдастыруда оқу жоспары, бағдарлама басшылыққа алынады. Сабақ мазмұны дидактикалық принциптерге сәйкес әрбір топта меңгерілетін білім- дағды мөлшеріне қарай айқындалады. Дәлірек айтсақ, тәрбиені кешенді ұйымдастыру бұған дейін де қарастырылған. Біз балабақшадағы тәрбие мазмұнын ұлттық негізде жаңартуда осындай көрнекті ғалымдардың Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов сынды қазақтың ғұлама жазушы-педагогтерінің идеяларына сүйендік.

Сондай-ақ өмірге қажетті білім-білік дағдыларды, адамгершілік, еңбек әрекетінің қарапайым негіздерін меңгертуге арналған тәлім-тәрбие баланың

даму, жас ерекшелігіне қарай, үзіліссіз, бір-бірімен сабақтас жүргізіліп, ойын-сабақ, қимыл-әрекет, ән-әуенмен біртұтас ұйымдастырылғанда ғана нәтижелі болатынын соңғы кездерде арнайы жүргізілген эксперименттер айқындай түсті.

Айналадағы өмірді бақылату, көрсету, әңгемелесу, дербес шығармашылыққа үйрету— осының бәрінде айрықша орын алатын, балаға білім берерлік ойын-жаттығулар, сөздік- дидактикалық, әдеби-музыкалық ойындар ойнату, яғни қажетті шағын мазмұнды көріністер жасату, дербес жаттығулар орындату, көрнекілік әдістер. Осылар дұрыс қолданылса, бала айналада, табиғатта, жан-жануарлар дүниесінде өтіп жататын өзгерістерді, заңды байланыстарды бақылап көру, қабылдау, сезіп-түсіну, көрген-білгенін ойымен бейнелеп көрсету арқылы ойөрісін кеңейтіп, білім-дағдыларын тереңдете түседі.

Сондықтан-да «Балбөбек» бағдарламасында «Тіл— халық қазынасы» деген тақырып беріліп, басқа сабақтар тіл дамыту жұмыстарымен сабақтас, мазмұны кеңейтіле, бағдарлама тақырыптарына тіркестіре көрсетілді. Күн сайын өтілетін тәрбие мақсатына қара, меңгерілетін білім-дағдыларға сабақтас өз кезегінде баса көңіл бөлінеді де (мысалы, дүйсенбі күні тіл дамытуға), баланың ойлау, сөйлеу, қабылдау, таным әрекеттерін дамытып, эстетикалық талғамдыққа баулу, іскерлік дағдыларын, қимыл-қозғалысын дамыту ісі кешенді сабақ барысында жүзеге асырылып отырады (санату, ән айтқызу, суретпен бейнелету, мүсіндеу т.б.).

Бағдарлама мазмұны 2 жастан 7 жасқа дейінгі балалардың дербес әрекетін жетілдіріп, денсаулығын нығайту, адамгершілік асылмұраттарға баулып, көркемдік, танымдық сезім талғамдарын қалыптастыруды көздейді.

Осы мақсатта балаға меңгерілетін білім-дағды көлемі бір топтан екінші топқа өткен сайын біртіндеп күрделеніп, бағдарлама тақырыптары іштей жеке атауларға бөлініп, балаға үйретілетін білім-дағды көлемі айрықша аталып (оқылатын мәтіндер, ән-күй, ойын-ермек т.б.) нақтылай көрсетіледі.

Ежелден тәрбие құралы міндетін атқарып, ата-бабадан бүгінгі және ертеңгі ұрпаққа мұра болып отырған ауыз әдебиетіндегі аңыз-әңгімелер, өнеге-өсиеттер, Қазақстан ақын-жазушыларының таңдаулы еңбектері, ұлттық ойын-ермектер бағдарламаға кеңінен орнығып, тәрбие сәтінің қай кезеңінде қалай жүзеге асырылатыны туралы түсінік берілді. Әдеби шығармалар «Бөбектерге байғазы» атты хрестоматияға топтастырылды. Ол материалдарды тәрбиешілер балалар ұжымында өтілетін тәрбие — сабақ мазмұнына қарай пайдаланады.

Мысалы, бөбектер тобында «Тіл— халық қазынасы» деген тақырыпта өтілетін «Отбасы» тақырыбына дайындық барысында тәрбиеші балалармен әңгімелесу сұрақтарын, осыған қажетті «Менің әжем», «Атам» т.б. мәтіндерді «Келші, келші, Балашым» әнінің әуенімен ойналатын «Отбасы» ойыны (ересектер рөлін тәрбиеші орындайды) әуенді қимыл-қозғалысқа қажетті өлең (мысалы, «Айдана», «Ақ әжем», «Қуыр, қуыр, қуырмаш»), ұлттық кейбір киім түрлерін («Қуыршақ» ойыны үшін) әзірлейді. Осылайша баланы ойната, сөйлете отырып, үй іші адамдарына сүйіспеншілігін арттырып, отбасы туралы ұғымдарын кеңейтеді. Сабақ үрдісінде тақия қандай? (дөңгелек), доп қандай (домалақ), тақия нешеу? Доп нешеу?— деген сұрақтар төңірегінде балаларды

сөйлеуге, санауға үйрету, не балшықтан мүсіндету арқылы сәбилер дербес әрекет жасау дағдыларына үйретіледі. Мұндай ойын-жаттығу түрлері келесі топтарда кеңейтіле, тереңдетіле түсіндіріледі. Балалардың дара және өзіндік даму деңгейіне орай дербес орындалатын ойын-жаттығулар күрделеніп отырады. Мысалы, бүлдіршіндер тобында айналады дүниені бақылату, заттық ұғымды білдіретін, зат атына қатысты сөздік қорын дамытуы, диалог түрінде сөйлесе білуге. Ол не? Бұл не? Не істеді? Сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйрету, таныс дүниені, заттарды суреттен. Үй ішінен (бөлмеден) тауып көрсету, атын сөзбен атап айту, қарапайым еңбек, тазалық дағдыларын меңгерту көзделсе, балдырғандар тобынан бастап естіген, көргені туралы әңгімелеп айтуға үйрету естиярлар, даярлық топтарда нені, кімдер, қайда, неден жасайтыны, оның қажеттігі, ол заттардың сапалық қерекшелігі, табиғат пен жануарлар дүниесі арасында болып жататын заңды байланыстар туралы неліктен? Не себепті? Қалай? Т.б. сұрақтарға жауап тауып, өздері бақылап, көргендері туралы қарапайым қорытынды жасауға үйретіледі. Тәрбие үрдісінде алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге, үлкендермен өз құрбыларымен қарым-қатынас жасауда өзінің талап-тілегі, ой-пікірі туралы ауызша еркін, анық, жүйелі айта білуге, шығармашылыққа үйрету көзделеді.

Баланы ойлау, сөйлеу, сезім қабілеттілігін дамытып отыру – балабақшада үзіліссіз жүргізілетін тәрбие жұмысының ең негізгі арқауы. Жұмыстың соңында әр аптаның дүйсенбі күні өтілетін «Тіл – халық қазынасы» тақырыбы бойынша кешенді тәрбие – сабақтың үлгі жоспарын ұсынып отырмыз. Осы үлгі жоспармен сабақтар сейсенбі күні «Ойна да ойлан», сәрсенбіде «Әуенді қимыл қозғалыс», бейсенбіде «Өнер көзі халықта», жұма күні «Инабаттылық тәрбиесі» деген тақырыптар бір-бірінен үзіліссіз, мазмұны жалғаса өтіледі.

Жұма күні болатын «Инабаттылық тәрбиесінің» мақсаты – бір апата ішінде балаға меңгерілетін дағдыларды ойын-көрініс жасату арқылы естеріне түсіру, қайталау, жинақтай отырып, оларды мейірімділікке, әдептілікке, жомарттыққа, ел-жұртына, барша халыққа, адамзатқа, сүйіспеншілікке, адалдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеп, эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру. Яғни бұл күні барлық үйренгендеріне қорытынды жасалады.

Бөбектер тобында өтілетін ойын-сабақтар үшін көрнекі материалдар жеткілікті болып, ойын үшін бөлмеден арнайы орын сайланып, киіз үй оның жиһаздары, ыдыс-аяқтар дайындалады. Қазіргі кезде бұл мәселе барлық балабақшаларда қолға алына бастады. Бірақ, оқылатын шығарманың мазмұны, көлемі, ойын түрлері балалардың жас, даму ерекшелігіне қарай үйлесімді ұсынылмай, үстірт жаттығуға бой ұрушылық басым. Сондықтан бағдарламада, әрбір тақырып мазмұнына сәйкес өтілетін ойын-жаттығулар, әдеби-музыкалық шығармалар нақты көрсетілді. Тәрбие жұмысы барысында бұл мәселе мұқият ескерілуге тиісті.

Екі мен үш жас аралығындағы бала ойынына қойылатын талаптар бірдей. Дегенмен үш жастан төртке қараған балалар ойнайтын ойыншық, ойын мазмұны күрделеліне бастайды. Бөбектер тобы бөлмесіндегі, ойын бұрышындағы

ойыншықтар ойын түріне қарай (қуыршақпен ойын, отбасы, құрылыс т.б.) жұпталмауы керек. Ойынға қажетті ойыншықтар баланың таңдауы бойынша алып пайдалануына қолайлы, қолы еркін жететін орынға қойылғаны жөн. Бала өзі ойластырған ойыншықты таңдап алып ойнайтын болады. Мысалы, қимыл-қозғалыс ойынына арналған көлемі, түр-түсі әртүрлі заттар, ұл-қыз кішкене үлкен қуыршақтар, машиналар, құрсаулар (шеңбер), ойыншық мысық, күшік, қозы екінші бір сөреге қойылады. Мұндайда бұрынғы түсінігін есіне түсіруге, қажетті затты тез тауып алуға үйренумен қатар, мазмұнын дұрыс құрастырып ойнауға жаттығады.

Бөлменің екінші бөлігінде сезім тәрбиесіне қажетті ойыншықтар: мұнаралар, құрастырмалы ойыншықтар, үстелде ойналатын көлеңке театры, ұсақ құрылыс материалдары, келесі бір орынға математикалық ұғымдарға, бейнелеу іс-әрекетіне қажетті суреттер, түрлі-түсті қарындаштар, түрлі мүсіндер қойылады. Бөлмеде тірі табиғат бұрышы да болуға тиісті.

Бөлмеден тіл дамытуға арналған сюжетті суреттер, әдеби кітаптар, ұлттық ойын жиһаздары да арнаулы орын алады. Онда қуыршаққа арналған киіз үй, оның ұлттық жиһаздары, үлкен, кішкене қуыршақтар, ыдыс-аяқтар, ойыншық бесік, төсек-төсеніш, көрпе-жастық, баланың қолы жететін орында қазақ ертегілері, суреттегі кітапшалар т.б. болуға тиісті.

Сәбилерге берілетін ойыншықтар түрлі қимыл-әрекет жасауға бейімделген түрде орналастырылуы керек. Мысалы, кереуетке төсеніш салып, аласа үстелдердің жанына ұлттық киім киген үлкен, кішкене қуыршақтарды отырғызу, қуыршақ бөлмесінің (кішкене киіз үйі) бір жағына ыдыс-аяқ шақбы, қазақ кеселері (ою-өрнекті), тостаған, қасық қою.

Үш жастағылар түрлі ойын ойнауға бейім келеді. Сондықтан «тек көрсетілген бұрышта ойна» деп олардың өзіндік ой-қиялының жетілуіне тежеу жасамай, еркін, өзі қалаған ойындарды ойнауын қолдап, ойын мазмұнын кеңейте, күрделендіре түсуге басшылық жасау керек.

Бала айналадағы дүниені, үлкендердің іс-әрекетін ойыншықтармен ойнау барысында танып, біледі. Олардың дербес қимыл-қозғалысы да ойын барысында жетіліп отырады. Ойыншық мүсін-пішіндерімен қарым-қатынас жасау барысында олардың ойлау, бейнелеу, санау, байқампаздық, сияқты дағдылары жедел дамып, ойын- оларды көріп, білуге әрекет жасауға қызықтырады. Бала айналасындағы өмір өлкесінің сан қилы құбылысын білуге ынталана түседі. Ұғымы танымы тереңдеген сайын ол көзіне шалынған заттар туралы сұрақтар қойып, қызығушылығы молаятын болады. Осындай сәттерде ересектердің балаға лайықты түсінік беріп, оның белсенді әрекетіне ықпал жасап, қанағаттандырып отырғаны жөн.

Баланың алғашқы таным қабілетін дамытудың басты құралы— ауыз әдебиеті, ойын, ойыншықтар, ұлттық нақыштағы қуыршақтар. Тәрбиеші, не ата-анасы балаға көрсете отырып, жүннен доп, қуыршақ, оған киім-кешек, төсеніштер жасап ойнатса, баланың болашақта іскерлікке қызығуына жол ашары сөзсіз. Әсіресе, айналадағы дүниеден алған әсерін бейнелеп көрсету

құштарлығын қанағаттандыратын шағын сюжетті ойындарға арналған ойыншықтар балаға әсерлі болады.

Баланың осы құмартуына жол ашып, дербес әрекке үйрету үшін тәрбиеші мысықтың баласын көрсетіп, оның дене мүшелерін, сүті қалай ішетінін, үйіндегі мысығы туралы сұрап әңгімелеседі. Доп жасап көрсетіп, өзіне (пластилиннен) жасатып, пішінін, түр-түсін сұрап, доп туралы өлең оқытады.

*Доп-домалақ,
Тынышмайсың домалап.
Сүт құйыа ем мысыққа,
Төгіп кеттің, обал-ақ.*

«Мысық» туралы әнді тыңдатады. Сол сияқты мысықты, қоянды кесінділерден құрап көрсетіп, өздеріне де құрату керек. Қоянға үйшік жастапы, оған сәбіз бергізіп т.б. балаға тармыды, оны ойландырып, қызықтыратын ойын-жаттығуларды орындатуға болады. Осындай тәлім-тәрбие барысында баланы ауызекі сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту үздіксіз назарда болды. Өйткені сөз ойдың айнасыболғандықтан бала өзінің ойын, әрекетін сөз жүзінде жеткізе білуге үйренуі керек.

Балдырғандар тобында (төрттен бес жасқа қараған балалар) тәрбие мазмұны бала жасына орай біршама күрделілене жүргізіледі. Мұнда айналадағы дүниені бақылатуда балаға бұрынғы топта көрсетіп, бақылатқан заттар басқа қырынан кеңейтіле түсіндіріледі. Мысалы, балабақша үйін бақылатқанда үй неше қабаттан тұратыны (биік, үлкен, төрт-бес қабат), сыртқы көркемделуі, қалай аталатыны, қай көшеде екені түсіндіріледі. Балабақшада кімдер не істейтіні, олардың балаларға қамқорлығы, бақша ішіндегі бөлмелердің қажеттігі (дәрігердің, меңгерушінің, әдіскердің бөлмесі, асхана, аспазшы т.б.) жеке топтар бөлмесі, өз бөлмелері оның кең, жарық екендігі, ондағы бұйымдар т.б. балабақшада көп бала тәрбиеленетіні, олардың бәрі тату, дос, ойыншық, кітап көп, балалар бір-бірімен келісіп, түсінісе ойнайтыны, кішкенелерге үлкен балалар қамқорлық жасау керектігі, балабақшада қандай жұмыс істейтіндері, сөйлеуге, сурет салуға, санауға, ән айтуға үйренетіндері туралы түсінетін болады. Жыл мезгілі, әр мерзімдегі ай аттары қалай аталатыны, маусым ерекшелігі, ауа райы, кейбір өзгерістер, әр мезгілдің табиғат ерекшелігі, киіну реті, адамдардың еңбек дағдысы, жануарлар тіршілігі, мерекелер туралы түсініктері кеңейтіледі. Қоғамдық өмір туралы, туған ауылы, өзі тұратын қаласы, республиканың қалай аталатыны туралы түсінік беріледі. Үй ішінде және балабақшада жұмыс істейтін адамдардың аты-жөні, үлкен-кіші, аға-іні т.б. жұмыстары барысында баланың ой өрісін, сөздік қоры мен сөйлеу тілін дамыту шешуші орын алады.

Естиярлар тобында (бес-алты, жеті жас аралығы) жоғарыда аталған жұмыстар жалғастырылады. Бұл топтағы тәрбие міндеттері: бұрынғы топта үйренген білім- дағдыларынестеріне түсіру, балаға танымал заттар мен табиғат, жан-жануар дүниесінде болып тұратын өзгерістердің себеп-салдарын (ауа райы)

ажырату, түсіну, анализдеу, синтездеу әдістері арқылы түсіндіру, жалпылай, даралай топтастыруа білуге үйрету. Мысалы, жануарлар дүниесіне жататындар, оның ішінде үй жануары, тұз жануары болып топтасуы немесе киім-кешек, ыдыс-аяқ т.б. жануарлар мен заттардың бір-біріне ұқсас жағын (қой, сиыр екеуі де үй жануары. Төрт аяқты екені, бірақ өзіндік ерекшелігі бар) ажырата, салыстыра білуге үйрету.

Кешенді тәрбие үрдісінде балалардың бақылау, қабылдау, есту, сезім, түйсік әрекеттерін қалыптастыру, жетілдіру. Баланы белгілі мерзім ішінде тәрбиешіні тыңдап түсіну, дербес орындауға тиісті (ойын-жаттығу, мүсіндеу, суреттеу, әңгімелесу) жұмыстарды зейін қойып, дұрыс орындау тәсілдеріне жаттықтыру. Өз жадында ойлап табу, шығармашылыққа, өнер әлеміне құштарлыққа баулу. Осындай сан алуан қарапайым білім негізінде өзінше меңгерту мәселелері жүзеге асырылады.

Жаңа бағдарлама бойынша сабақты кешенді ұйымдастыру тәжірибелерінен «Меруерт» (Өскеменде) балабақшасында өтілетін екі сабақты беріп отырмыз.

Балдырғандар тобында өтілетін «Ойна да ойлан» сабағы.

Сабақтың тақырыбы: Ұлттық заттардың ішінен 5 затты санап алу. Дөңгелекпен салыстыра отырып, сопақшамен таныстыру.

Сабақтың мақсаты: Дөңгелек пен сопақшаның бір-бірінен қандай айырмашылығы болатынын түсіндіру. Бала өзі таңдап алған 5 заттың атын жаңылмай айтуын қадағалау. Тілін, ой-өрісін, дұрыс ойлауын қалыптастыру. Саз балшықпен жұмыс істеу әдістерін дамыту. Қарапайым дербес еңбек әрекетіне баулу. Үлкендердің еңбегін сыйлауға, ұжымдық ойын-жаттығуларды бір-бірімен келісіп орындай білуге үйрету.

Әдіс-тәсілдер. Ойын, салыстыру, көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, мүсіндеу.

Көрнекіліктер. Ұлттық заттар: тостаған, кесе, тақия, геометриялық пішіндер, көкөністер, төрт түлік.

Жаңа сөздер. 5 саны сопақша, дөңгелек, пішін, тостаған, тақия, үкі, салыстыр.

Сабақтың барысы. Ұйымдастыру кезеңі. Музыка ойналады, балалар қатар түзеп, шеңбер жасап тұрады, көпшілікпен сәлемдеседі.

Тәрбиеші:– Қане, қазір ұлдар малдас құрып, қыздар тізе бүгіп жинақы отырындар, – деп ұлттық ойын, «тақия тастамақ» ойналатыны түсіндіріледі. Ойын бастаушы санамақ айту арқылы таңдалады.

Тәрбиеші Ш.Ахметовтың «Бұл қай кезде болады?» деген өлеңінен мына үзіндіні оқиды.

*Ақ қар еріп, су көбейіп,
Сай-салаға толады.
Ағаш басы бүршік жарып,
Гүл-бәйшешек толады.
Бөбектерім, айтыңдаршы,
Бұл қай кезде болады?*

Осы өлеңге талдау жасалады: Өлең не туралы? Көктемде неше ай бар? Ай аттарын атаңдар (наурыз, сәуір, мамыр). Тағы қандай өзгерістер болады? (Қой төлдейді, кішкене төлдер қорада болады, қозыға сүт, шөп береміз, жазда далада жайылады).

Музыка ойналады. «Көктем» бейнесінде киінген тәрбиеші кіреді, амандасады. Балалар дауыстап: – Алақай, көктем келді. «Қош келдіңіз, қадірлі көктем», – деп көктемге жылы лебіз білдіреді. Көктем апай, келіңіз, бізбен бірге ойын ойнап, би билеңіз.

Көктем: – Рахмет. Балалар, көктемде қандай мерекелер болатынын білесіңдер ме?

Балалар:– Наурыз, Аналар мерекесі, 1 Мамыр және 9 Мамыр мерекелері.

–Осы мерекелер туралы қандай өлең, тақпақ білесіңдер:

Балалар өздері білетін «Мамыр», «Менің әжем» т.б. тақпақтарды айтады.

Сергіту сәті: «Төртеуі қызық» өлеңінің әуеніне қосылып балалар қимыл-қозғалыстар жасайды.

*Қанат пен Таңат,
Санат пен Жанат
Жүреді бірге,
Қойларын санап.
Өздері қызық,
Қалады кейде,
Достықты үзіп.
Бір дөңнен асып,
Бір дөңге шығып.
Қалады қайта,
Бір-бірін осып.
Бағады қайта,
Қойларын қосып.*

Музыка ойналады. Гүл ұстаған көбелек ұшып келеді.

Тәрбиеші (таңданып): Көбелек қайдан келдің? Қолыңдағы не?

Көбелек: – Бұл гүл «бәйшешек» деп аталады. Сендерге әкелген сыйлығым.

Балалар тәрбиешімен бірге көбелекке алғыс айтады. «Көбелек» әнін орындайды. Көбелек қоштасып ұшып кетеді.

Тәрбиеші: – Көбелек әкелген гүл жай гүл емес, жұмбақ гүл. Қане көрейікші. Бір нәрсе бар сияқты. Алақай. Жедел хат екен. Балалар. Көбелек жұмбақ жасырыпты, шешуін табайық.

1. Көгала қойым көгенде жатып семірді. (Қарбыз).

2. Өзі жасыл тым қатты, бақшада домалап жатты. (Қияр).

Жұмбақты шешкен бала гүлдің ішінен аталған көкөністердің бірін алып шығып, балалардан не екенін сұрайды. Балалар жауап береді.

Тәрбиеші қарбыздың, қиярдың, сәбіз бен қызанақтың пішіні, түр-түсі, қайда өсетіні жайлы сұрап әңгімелеседі. «Көкөністер базары» деген ойын ойналады.

Сопакша пішінмен дөңгелекті салыстыру, айырмасын айтқызу. Геометриялық пішіндерге ұқсайтын ұлттық заттарды атау. Ағаш қасық, кесе, тостаған, тақиялар әкеліп санату.

Ойын. «Кім жылдам?» Ойынға екі бала қатысады.

Бала геометриялық пішін кесінділерінен сопақша, төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелекті жинайды.

Бала төртбұрышты беске дейін санап қоюы керек. Бөлмеден түрлі пішінді заттарды табу. Тәрбиеші ең бірінші, екінші болып жауап берген баланы мадақтап, жұмбақ жасырады.

1. Шындары шырқау,
Көшіп жүр бір тау. (Түйе).
2. Тау сап жүріп кеткен,
Енесін қуып жеткен. (Құлын).

Жұмбақты дұрыс шешкен балаға тәрбиеші сол жануарды тауып көрсетуді ұсынады. «Малдың баласын сүюі» өлеңін балалардан сұрайды.

Балалар сабақта өткен жануарларды (әркім өз қалауынша) мүсіндейді. Тәрбиеші мүсіндеу әдістерін көрсетеді. Музыка баяу ойнап тұрады. Тәрбиеші әр балаға келіп жеке-жеке көмек береді.

Қорытынды. Тәрбиеші балалардың жасаған мүсіндерін сипаттап, не жасағанын сұрайды, мадақтайды. «Үйге барғанда әжелеріңе, апаларыңа көрсетіңдер, қуанып қалады. Қазір серуенде төлдер ойынын ойнаймыз»,– деп балаларды далаға серуенге әкетеді.

Естиярлар тобында өтілетін «Тіл–халық қазынасы» деген сабақ.

Сабақтың тақырыбы. М.Әлімбаевтың «кемпірқосақ» деген өлеңін оқу.

Сабақтың мақсаты. Жыл мезгілі туралы білімдерін тиянақтау, оқылған шығарма мазмұнын түсініп айта білуге үйрету. Тәрбиешінің сұрағына түсініп жауап беру. Шығарма мазмұнын көктемгі табиғат ерекшелігімен салыстыра әңгімелей білуге, түр-түсті ажырата айтуға, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Көктемгі мерекелер, көктемгі еңбек туралы ұғымдарын кеңейту. Санау, бейнелеу, қимыл-әрекет дағдыларын тереңдете дамыту. Ұжымдық және дербес іс-әрекеттерін жетілдіру, үлкендердің еңбегін бағалай білуге үйрету.

Көрнекіліктер. Көктем көрінісі бейнеленген сурет, кемпірқосақ суреті, түрлі түсті жіптер, кішкене қоржын, кілемше (қуыршақ ойынына), жартылай тоқылған алаша, балалар дайындаған 7 түрлі бояу, ленталар, сіріңке.

Әдіс-тәсілдер. Әңгімелесу, әңгімелеу. Түсіндіру, ойын-жаттығу жұмыстары.

Жаңа сөздер. Мың құбылып, асылды, жайнады, құлпырды. Кемпірқосақ.

Сабақтың барысы. Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Ш.Ахметовтың «Бұл қай кезде болады?» деген өлеңінен қыс, көктем көріністері туралы үзінділер оқылады. Екі түрлі жыл мезгілінде болатын табиғат ерекшелігін аңғарып, салыстыра үйрету мақсаты іске асырылады.

Тәрбиеші: – Балалар, мен сендерге ақын Ш.Ахметовтың «Бұл қай кезде болады?» деген өлеңінен екі түрлі жыл мезгілін бейнелейтін үзінді оқимын,

сендер тыңдап, ұғып алыңдар. Өлең қай мезгіл туралы екенін түсініп, айтып бересіңдер,– дейді.

Осы кезде «Зырлайды шанамыз» деген әннің музыкасы ойналады. Музыкадан соң аталған шығармадан.

Басылмайды даланың,
Ақ түтекті бораны.
Түйіп алып қабағын,
Басып қалды қораны.

– деген үзіндіні оқиды да «Кім табады, қай мезгіл?» деп сұрайды. Қыс айларын атаңдар. «Түйіп алып қабағын» дегенді қалай түсінетіндері сұралады. Балалар жауабы «Көктем вальсінің» көңілді ырғағымен жалғасады. Балалар би билеп, дене сергітеді. Аталған өлеңнен келесі үзінді оқылады.

Ақ қар еріп,
Су көбейіп,
Сай-салаға толады.
Ағаш басы бүршік ашып,
Гүл-бәйшешек болады.
Бөбектерім, айтыңдаршы,
Бұл қай кезде болады?– деп сұрайды.

Балалар: – Көктем,– деп жауап береді.

Көктем екенін қайдан білдіңдер? Көктемде қанша ай бар? (Наурыз, сәуір, мамыр). Көктем қай айдан басталады? (Наурыздан). Көктем өзгерістерін айтыңдар?

Күн жылынады, қар ериді, шөп шығады, көктемде ағаштар бүршік жарады, гүл өседі. Жапырақ жаяды.

Көктемде адамдар не істейді? Қалай киінеді? Көктемде қандай мерекелер болады? Наурыз мерекесінде не істедік?

Қыс, көктем туралы білетін жұмбақтары туралы айтады.

Терезеге қонады,
Әсем ою ояды.
Көк жүзінде көк жолақ,
Қойды екен оны кім бояп?

«Құс келді» немесе «Там, там, тамшы, там» әні орындалады.

Сергіту жаттығуы. Балалар әуен ырғағына қосыла бой сергітеді. Осыдан соң көктемде, қыста болатын өзгерістер сұралады. Табиғат құбылысындағы ерекшеліктерді салыстыра айтуға, ойланып жауа беруге үйрете отырып, оларды өздігінен әрекет жасауға жаттықтырады. Балалардың жауабынан соң «Жаңбыр, жаңбыр, жау жаңбыр» ойыны ойналады. Кемпірқосақ суреті көрсетіледі. Қай кезде пайда болатыны туралы сұралады. «Көктем», «Уыз», «Наурыз», т.б. балалар бұрыннан білетін өлең-тақпақтарды айтады.

Уыз

*Қарайып жон басы,
Көгерді төңірек.
Тұр, міне, төл басы,
Бұзауым мөңіреп.
Тойдырған ақпенен,
Көктемнің жақсысы-ай!
Қатырған баппенен
Уыздың тәттісі-ай!*

Т.Жұртбаев.

Осыдан соң М.Әлімбаевтың «Кемпірқосақ» туралы өлеңін мәнерлеп оқып, тыңдатады. Екінші кезекте тақпақты жатқа айтып түсіндіреді.

Кемпірқосақ

*Жаңбыр жауып басылды,
Аспан шайдай ашылды.
Көкте қызыл-жасылды,
Кемпірқосақ асылды.*

*Мектебімнің тойдағы,
Қақпасындай әдемі.
Мың құбылып жайнайды,
Қызықтырып қоймайды.*

*Құлпырғаны қызық-ақ,
Жеті түрлі бояумен.
Бір кесегін үзіп ап,
Үйіме әкеп қояр ма ем?
Әттең бойым жетпейді,
Әттең қолым жетпейді.*

–Осы тақпақ не туралы? Кемпірқосақ туралы қандай жақсы сөздер айтылған? Түсі неше түрлі болады екен? Кемпірқосақты ұстап алуға бола ма?– деп сұрайды. Өлеңдегі кейбір сөздердің мәнісін сұрап, жаңа сөздер түсіндіріледі. «Соқыр теке» ұлттық әуенді ойыны ойналады?

–Ал, балалар, мына суретке қарап, кемпірқосақ неше түрлі болатынын, неше түсті бояумен салынғанын айтындаршы,– деп түстерді санатады. (7-ге дейін тура және кері санату).

Өлеңдегі «мың құлпырып», «құбылып», «асылып» сөздерін қосып, сөйлем құратады. Сөйлемдерді сөзге талдату (неше сөзден құралған). Кемпірқосақ неге ұқсайды? (Доға, жарты шеңбер).

«Келші, келші, балашым» әні орындалады. Сол кезде әже келеді.

Балалар: – Сәлеметсіз бе, төрлетіңіз,– деп көрпе үстіне отырғызады.

Әже: – менің сүйікті немерелерім, бүгін мен серндерге сыйлық әкелдім, соны көрсетейін. Сендер маған не екенін айтып беіндер,– деп қоржыннан кішкене (қуыршаққа арналған) алаша, жеті түсті иірілген, шумақталған, жұмырлап оралған жіптерді көрсетіп әңгімелеседі.

– Бұл не?

– Алаша.

– Ол неден тоқылған?

– Мына жіптерден.

– Жіпті немен иіреді?

– Ұршықпен.

– Жіптердің түсін санандар?

– Жетеу.

– Кемпірқосаққа ұқсас түрлерді салыстырып табындар.

– Кемпірқосақ қай жерде, қай кезде пайда болады?

– Аспанда күн күркіреп, жаңбыр жауғанда.

Музыка ырғағымен күн күркіреп, найзағай жарқылдайды, жаңбыр жауған сәттер көріністеледі.

Ырғақты музыка («Қошақан») ойналады. Балалар «Төлдер» ойынын ойнайды. «Күйшы, жаңбыр» әуені ырғағымен, белгіленген орынға отыра отыра қалып, кемпірқосақтың суретін салады.

Сабаққа қорытынды жасалады. Балалар, алған әсерлері не үйренгендері туралы айтылады. Бәрі қосылып «Көктем» деген өлеңді айтады. Балалар серуенге шығуға дайындалады.

Осы екі сабақ түзілісін байыптап қарасақ, бір-біріне үзіліссіз сабақтасып жатқан, біртұтас меңгерілетін, ойната-ойладыратын жұмыс түрлерін көреміз.

«Балбөбек» бағдарламасын жасауда көзделген басты мақсаттардың бірі– тәлім-тәрбие мазмұнын ұлттық дәстүрлерге сәйкес құрып білім беру. Тәрбиелеу жұмыстарын бір-бірімен сабақтастыра ұйымдастыру дедік. Осыған орай 2 жастан 7 жасқа дейін меңгерілетіні қарапайым ұғымдар бағдарламада көрсетілген бағытта тіл дамыту, санау, бейнелеу, құрастыру, әуенді қимыл-қозғалыс, инабаттылық тәрбиесімен ұштастырыла өтіледі.

Тіл дамытуда күзгі табиғат көрінісін, айналадағы дүниені, балаға таныс заттарды, үлкендердің еңбегін т.б. бақылату, көрсетіп таныстыру, заттың атын, пішінін, түр-түсін, сапасын, ненің не үшін қажеттігіне, кеңістікте орналасуына, ұлттық киім-бұйымдар, тағамдар жайында меңгертілген білім-дағдылар, тәрбие мазмұнына байланысты оқылған шығармалар сейсенбі күні өтілетін «Ойна да ойлан» тақырыбымен сабақтас өтіледі. Баланың бұрын көрген-түйгені, естігені, білгені математикалық ұғымдармен жалғастыра қайталанып, балаға жаңадан үйретілетін білім-мазмұнымен ұштасады. Тәрбие жұмысын осылайша үзіліссіз, күн режиміне сәйкес ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау, қабылдау, таным, сезім әрекеттерін дамыту, оларды өздігінен әрекет жасап, тәрбиеші ұсынған ойын-жаттығуларды дұрыс орындау, көрген түйгенін сөзбен атап айта

білу, қарапайым ой-түйіндерін жасау т.б. іс-әрекетке үйрету мәселесі бөбектер тобынан бастап, біртіндеп күрделене жүзеге асырылады.

Бөбектер тобында санауға үйрету жұмысы өтілмейді. Бұл жұмыстар балалардың даму ерекшелігіне қарай аз, көп ұғымдары төңірегінде ойыншықтармен ойнату, бақылау кезінде біртіндеп күрделілене жүргізіледі. Бұл топта басты ұстанатын мәселе балаға таныс заттардың түр-түсі (ақ, қара, қызыл, сары), пішіні, сапалық қасиеті, көлемі (үлкен, кішкене) туралы ұғымдар, тіл дамытуда үйренгендерімен ұштастыра меңгертіледі. Балалар күзгі табиғатты бақылайды. Жапырақтардан гүл шоқтарын жасап ойнайды. Осы сәтте олар көп жапырақ алдым, жапырақ сары, қызыл т.б. сөздерді қолданады. Тәрбиеші қойған сұраққа жауап беруге, диалог ретінде сөйлесуге үйренумен қатар, көп, аз тердік, жинадық, үшбұрыш, сопақша, жерде, ағаштан түсті т.б. сөздерді айтуға үйренеді. Түрлі заттардың түр-түсін аңғара, ажырата жүріп, сезіну, қабылдау әрекеттері жетіледі.

Баланың айналадағы әрекетті сезінуі, түрлі түстерге назар аударуы оның дүниеге келген кезінен-ақ басталатыны жұртшылыққа аян. Ендеше айналадағы әр түрлі іс-әрекетті, дүниедегі жағымды-жағымсыз құбылыст, әсемдікті сезініп, тани, қабылдай білуге, талғампаздыққа үйрету балалық шақтың барлық кезеңінде өтілетін тәрбиелеу, білім беру барысында қарапайым дағдаларды меңгертуден бастап. Күрделілене жүргізілетін үздіксіз үрдісі болуы шарт.

Сонымен, сезім тәрбиесі, тіл дамыту, бейнелеу өнері, құрастыру, ән айту, дене тәрбиесі айналадағы дүниемен қоғамдық өмір, табиғат құбылыстарын бақылату, сахналық көріністер жасап көрсету, т.б. сұрақтарға жауап беру негізінде тереңдете жүргізіледі.

Әсіресе бөбектер тобында тіл дамыту барысында меңгертілетін заттың сапалық қасиетін (қалың, жұқас, ыстық, суық, қатты, жұмсақ, мамықтай) ұстап көріп, иіскеп сезу қабілеттіліктерін (әтірдің, сабынның иісі, алманың, шиенің дәмі) жетілдіру, көлемдік ұғымдарды (үлкен, кішкене сандық, аз, т.б. ұғымдарды) «Ойна да ойлан» тақырыбында кеңейте, қайталап түсіндіру, ойыншықтар мен көкөніс, жемістер мен, ұлттық ыдыстармен (қасық, тостаған т.б.) дидактикалық ойындар өткізу, әдеби шығармалар, ұлттық ойын, әуенді кимыл-қозғалыстар кезінде қайталап, тиянақтап отыру керек.

Мысалы, дүйсенбі күні тіл дамытудан «Жомарт күз» тақырыбы бойынша әңгіме ойын-ермек жаттығу жұмыстарын өткізу кезінде Қ.Мүсіреповтың «Күз» туралы өлеңінен мына үзінді оқылады.

Көк майсалы көрікті,
Алқаптағы көп егін.
Бұл күндері киіпті,
Сары жібек көйлегін.

Сейсенбі күні математикалық ұғымдарды меңгерту сезім тәрбиесі бағытында өтілетін жұмыстармен жалғасады. Өлең мазмұнына сәйкес түр-түстер

сұралады. Жауаптар жапырақтардың түсімен салыстырылады. «Қызыл, жасыл бояулар» ойыны ойналады. Серуенде жапырақтан гүл шоқтарын жасап ойнайды.

Математикалық ұғымдар құрастыру жұмыстарымен жалғасын тапқан сәтте (қағаздардан тақия құастырып көрсету т.б.) балалар ерекше әсерленіп, қызығатын болады. Тәрбиеші көрсеткен заттардың пішіндері, жеке бөліктері. Түсі туралы бұрын үйреткендері жаңғырып, естеріне түседі. Көрген заттарын дайын кесінділерден өздері құрастыратын болады.

Бала күнделікті өмірде жиі қарым-қатынас жасайтын, оған танымал ойыншық, ыдыс-аяқ т.б. заттардың түр-түсіне, пішініне қарай (үшбұрыш, тұмар, төртбұрыш сандық, дөңгелек қазақы үстел, тақия т.б. заттардың пішінін байқап) танып ажыратуға, оларды кеңістікте орналасу ретіне қарай тауып айтуға, қандай, қайда сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйренеді.

Бүлдіршіндер тобында балалардың ұлттық ұғым беретін түрлі заттарды көлемі жағынан салыстыра отырып, әр заттың кеңістікте орналасу бағыты жөнінде түсініктері (алға, артқа, алдында, артында, оңға, солға, оң жақта, сол жақта) қалыптасады. Сонымен қатар уақытты, кеңістікті бағдарлай білу дағдылары біртіндеп меңгертіледі.

Сөйтіп бүлдіршіндер тобынан бастап-ақ балаларды мектепке дайындаудың негізі– 3-4 жастағы балалардың математикалық қабілетін дамыту жөнінде басты шаралар– жүзеге асырылады. Берілетін білім мазмұны бір топтан екінші топқа өткен сайын күрделеніп отырады. Яғни, бүлдіршіндер тобында санай білуге дайындық ретінде ойын-жаттығулар жүргізілсе, балдырғандар тобында 5 көлеміндегі сандарды меңгертіп, құрамы, санау реті жөнінде барлық тәрбие жұмыстарымен сабақтас түсіндіріледі. Сонымен балдырғандар тобындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, санауға үйрету кезінде қолданылатын материалдардың түр-түсі, пішініне үйлесім табатын ұлттық заттар пайдаланылады. Осы мазмұнға тірек боларлық сан ұғымын беретін сөздерді аңғартып, таңдалған ұлттық бұйымдарды санату, оның көлемі, ені, ұзындығы жөнінде (жалпақ, жіңішке, ұзын, қысқа, биік, аласа, үлкен-кіші т.б.) салыстыра отырып, басқа тәрбие жұмыстарымен кірістіріле үйретіледі.

Естияр тобындағы балалар 10-ға дейін ауызша тура және кері санауға үйренеді. 10-ға дейінгі сандардың құрамымен танысады. Сандардың бірліктерден құрылатыны туралы меңгертіледі. 10 көлемінде санау, ауызша есептеу дағдылары әрі қарай тереңдетіле жүргізіледі. Оны төмендегі үлгі сабақ жоспарларынан көруге болады.

БАЛДЫРҒАНДАРДЫҢ БАЛАБАҚШАЛЫҚ АЗАМАТТЫҚ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕСІ

Азаматтық-патриоттық тәрбие ұғымы

Азаматтық тәрбие - жалпы адамға заң, әлеуметтік, адамгершілік және саяси жағынан өзін кәдеге жарамды сезінуге мүмкіндік беретін жеке тұлғаның интегративті қасиеті ретіндегі азаматтық құлқын қалыптастыру .

Азаматтық - яғни бұл жеке тұлғаның кемелденгендегі адамгершілік іс-әрекеті, ел үшін кісілік көрсетіп, борыш, міндет, парызын орындауы. Нағыз азаматтық көрсетуі, адамның адамға, қоғамға қарым - қатынасы барысында көрінетін жақсы қасиеті және моралдық материалдық тұрғыда қайырымдық қамқорлық. Азаматтық құлықтың негізгі элементтеріне - өзінің қадір - қасиетін сезінуінен, жеке тұлғаның ішкі еркіндігінен, тәртіптілігінен, басқа азаматтар мен мемлекеттік билікке деген құрметпен сенімінен, өзінің міндеттерін орындауға қабілеттілігінен отаншылдық, ұлттық және құқықтық мәдениет жатады. Адамгершілік мәдениет жалпы адамзаттық моральдық құндылықтарға негізделеді, ал құқықтық мемлекеттің өмір сүруінің субъективті негізі және алғышарты ретінде көрінеді, ондай мемлекет үшін адамдардың азаматтық қасиеттерін жоғары деңгейде қажетсіну тән. Жеке тұлғаның азаматтық құлқын тәрбиелеу тәрбиешілердің субъективті күш жігерімен ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен қоғамның объективтік жай күйімен, демократияның, гуманизмнің даму деңгейімен де анықталады. Жеке тұлғаның азаматтық тұрпатының негізгі белгілері балалық, жасөспірімдік, бозбалалық жаста, отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада қаланады да, әрі қарай адамның бүкіл өмірі бойы қалыптасады. Азаматтық тәрбиенің негізгі мақсаты-адамды қоғамның адамгершілік құлық мұраттарына, Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне, бейбітшілікке талпынуға, қоғам игілігі үшін еңбек етуді қажетсінуге тәрбиелеу. Өзінің азаматтық борышын жауапкершілікпен орындайтын және өз іс-әрекеттеріне жеке өмірі ғана емес, сондай-ақ жақын адамдарының, халықтың, мемлекеттің тағдыры байланысты екенін түсінетін адамның санасы оның әлеуметтік мінез-құлқын анықтайды және демократиялық қоғам дамуының мәнді шарты болып табылады.

Адам баласының әрқайсысының өз пешенесіне жазылған өмір жолы болатыны тәрізді кез келген халықтың, қоғам мен мемлекеттің өз тарихи ғұмыры бар. Ол көне тіршілік көшінде сан алуан түрде көрініп келе жатқан күрделі үрдіс. Әр ұрпақ өзінен бұрынғы ұрпақтың жалғасы болғанымен, өз дәуірінің шыңырауына үн қосып, өз соқпағын іздейді.

Отан дегеніміз - халық. Халық дегеніміз - адам. Адамды сүю оған жақсылық жасау. Ендеше отаншылдық - сонау ерте замандардан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім.

Отаншылдыққа тәрбиелеу ұлттық ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, жас өскіннің ішкі жан дүниесі, ой санасы мен сезімін дамытып, қалыптастыруға бағытталуы керек. Бұл ретте Н.Назарбаевтың "Қазақтың ұлттық сана-сезімін дамыту — қазақ деп аталатын таңғажайып, әрі бай тарихи және мәдени байтаққа өз қатысының барын сезіну " дегені біздің ұстанып отырған пікірімізді қуаттай түседі.

Көп ұлтты Қазақстан үшін отансүйгіштік сезімнің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттік материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Отансүйгіштік рух - қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуға мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

Отансүйгіштік сезім өрге бастайтынын өз ұлтымыздың тарихы да талай дәлелдеп келеді. Кейде шіркін бір өзіне бірнеше мемлекет сыйып кететін ұлан-байтақ жерді ата-бабамыз сан ғасырлар бойы қанаттыға қақтырмай тұмсықтыға шұқтырмай қалай аман сақтаған деп таңданамыз. Шынында талай зобалаң кезенді бастан кешірген қазақ жері "Найзаның ұшымен, білектің күшімен" өз жер көлемін сақтап қалған [7].

Ұлы бірлік, отансүйгіштік - рухтың аса бір қасиетті тірегі. Н.Назарбаевтың тәуелсіздік жолында ту етіп көтерген реформаторлық идеяларының бірі «Қазақстандық отансүйгіштік» ұғымымен астасып жатуының терең мәнін де содан іздеген жөн.

Елбасы оған еңселі елдігімізді танытар сүйеніш ретінде қарайды. Оның аясы әдеттегі тарихи ойланым зердесінен кеңірек. Қазақ қоғамының бүгінгі сипаты және оның алдында тұрған қазіргі тың тұрпатты міндеттеріне сәйкес соны өріс алған.

Бұрын-соңды даму үрдісінде отансүйгіштік ұғымы бізде, негізінен, біртекті халықтың басын біріктіріп, бір мақсатқа жұмылдыруға қызмет етіп келгені белгілі.

Сонау Мөде хан, Жәнібек пен Керей, Тәуекел мен Тәуке, Есім мен Қасым, кейінгі Абылай мен Әбілқайырдың тұсындағы ахуал да осындай болатын. Ал қазір елдік мақсаттары көпұлтты қоғам жағдайында шешілу керек. Әр түрлі себептермен қалыптасқан нақты тарихи шындыққа шекеден қарау ешқашанда ел тағдырына деген жанашырлық болып шықпайды. Нағыз жанашырлық қиыннан жол таба білумен бағаланса керек.

Н.Назарбаев ұсынған жаңа ұлттық идеяның мазмұны да қоғамдық дамуға басқаша, осы заманғы тұрғыдан қарау үрдісіне сай айқындалған. "Көп ұлтты Қазақстанда жалпы ұлттық мүдделерді жүзеге асырудың бір ғана жолы бар екені айдан анық. Ол қазақ ұлтының біріктіруші рөлі жағдайында барлық халықтардың теңдігін қамтамсыз ету" деп жазды ол "Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде" деген еңбегінде.

Елбасы өзінің теориялық еңбектерінде, мақалалары мен сөздерінде қазақстандық отансүйгіштік деген ұғымдарды әр қырынан ашып көрсетіп келеді. Ол үшін өз отандастарының, ғылыми тілмен айтқанда қоғам организміндегі өзінің саяси еркіндігін айқын сезінетін және өз Отанын саналы түрде таңдаған азаматтар болуы шарт. Сонда ғана әрбір азамат өзін мемлекетінің өткеніне, бүгініне және ертеңіне тікелей қатысын сезініп, Отан тағдыры үшін өзіне жеке жауапкершілік жүктелетінін терең пайымдайтын болады.

Бұл өміріне қатысты сан алуан мәселелердің баршаға бірдей жақын әрі түсінікті болуы да осыған байланысты. Осы орайда қазақ ұлтының қоғамдағы біріктіруші рөлін күшейту деген қағидаға тағы бір орала кеткен жөн сияқты. Бұл үрдістің нәтижелі өрбуі тек қазақтарға ғана байланысты емес екендігін ашық айту керек [8].

Бұл ретте академик Шаухитдинов Еренғайып қазақстандық патриотизмді қазақ ұлтының мүддесімен байланыстыра келіп, басқа ұлттар мүддесін жоққа шығармайтын келелі пікір айтады. Ол азаматтардың құқықтық еркіндігі, басқа ұлттардың қазақ халқының дәстүрін сыйлауы, олардың қазақ мемлекетінің намысын қорғауы, қазақ елін жатсынбай, жүрегімен сүйе білуі, ұлттық тіл, дін, ділімізді сақтауға кедергі жасамай қолдау тауып жатса, міне, осыларды қазақстандық патриотизмнің белгілері деп санайды.

Патриотизм ұғымын талдай келе ол "патриотизм дегенде, әуел бастан-ақ туған жерін, ана тілін, елдің әдеп-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеп, қастерлеген. Бұл патриоттық сезім ерте заманнан-ақ қалыптасқан. Мұның терең мағынасына ұлтжандылық жатады" деп көрсетеді.

"Ұзақ аңсап, ілуде бір қолға түсетін тәуелсіздіктің тарихи сағатын өзінің заңды ұлттық мүдделеріне пайдаланғысы келген қазақ халқына тікесіне карап, күшің жетсе көр " деп сыздану барып тұрған қиянат.

Баса көктеу ешкімге де абырой әпермейтін, ел үшін де, тәуелсіздік тағдыры үшін де тиімді еместігін есте ұстаған жөн.

Отанын сүйген саясатшы да, басқа да азамат көпті кеудемен итеруге емес, ортақ отбасына тартуға мүдделі болса керек.

Көп ортасында көзге түсу үшін де кемел болмыс керек. Төл тарихы, мәдениеті мен өнері, экономикалық қуаты жоқ ел басқаларға да қызықсыз. Ал оларды кең таныту үшін алдымен, кадр-қасиетінді өзің жақсы білуің, мақтаныш ете алуың керек.

Елдік қасиеттер аспаннан түспейді, жоқтан пайда болмайды. Өзі туған топырақ тозаңы және ана сүтімен ұйыған ұлтжандылық сыртында өскен ортасы мен азамат ретінде қалыптастырған қоғамы дарытар терең де текті дүниетаным негізінде ғана түзіледі.

Президент Н.Назарбаевтың қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу ісін жаңа мемлекеттік идеологияның аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде алға тартуының сыры да осында жатыр. "Ал оны елдің туын, елтаңбасын, әнұранын қастерлеуден, заңды өкіметті құрметтеуге тәрбиелеуден бастау керек ".

Осыдан мүшел жас бұрын тәуелсіздігін жариялаған, көк байрағын көтерген еліміз үшін өзінің ұрпағын, кемелді келешегін, оның ішінде патриоттық-отансүйгіштік арнада тәрбиелеу қажеттілігі туып отыр.

Қазақтың патриоттық-отансүйгіштік тәрбиесі - тереңнен тамыр тартқан, халқымыздың сан ғасырлық болмысының, дүниетану көзқарасының, ақыл-ойы мен салт-дәстүр мәдениетінің көрінісі. Осыларды бойға дарытпай тұрып келер ұрпақты патриоттық-отансүйгіштік тәрбиеге лайықғы қалыптастырып, алтын бесік елің, кіндік кескен жерің қорғайтын және осы мақсат жолында бар күш-

жігері мен ақыл-қайратын жұмсап, отаншыл азаматтарды, яғни нағыз патриоттарды тәрбиелеп өсіру мүмкін емес.

Елбасы айрықша назар аударып отырған мемлекеттік рәміздер мен заңға құрмет көрсету бүкіл өркениетті қоғамдардың өмір салтына айналған дәстүр. Ол ел бірлігі мен демократиялық үрдістерге адалдық отындай қастерленеді. Адам жанының ең бір нәзік пернелерін дәл басуға негізделген бұл моралдік сана деңгейіне зор қозғаушы күш мемлекет пен прогрестің іргетасы міндетін атқарады.

Елінді сүю оның ертеңіне сеніммен қарауға мүмкіндік береді. Әр ілкі қадамнан, сәл сәулелі ойдан үмітке тірек іздесең, жинала келе самал жарыққа айналады деген ақ ниет алға жетелеуі қажет. Мәселен, Раев Дәулетбек «Қазақстандық патриотизм мен гуманизм» мақаласында бүгінгі күні адамдар арасында патриоттық сезімнің орнына "космопализм", "пендешілік үстем" екенін байқауға болатынын көрсеткен.

Алайда, жас адамның тағдыры бүкіл адамзат кеңістігінің құрамында болғандықтан, ол қоғам тағдырымен тығыз байланыста екені белгілі. Сондықтан «бүгінгі әлеуметтік саяси орта адамға өзі өмір сүріп отырған мемлекеті мен қоғамы, ел-жұрты, атамекені және жалпы адамзат өркениетінің тағдыры алдындағы жауапкершілікті мойындауды ескертеді», - дейді. Бұл ретте ол көнені жоққа шығару, патриоттық тәрбиені әлсірету, көне ататектілік, танымдық, тәрбиелік өзектен адасып қалу секілді кемшіліктерді белгілейді. Ата-бабадан қалған отаншылдықтың киелі шарттарын жаңартуда «белгілі бір этно-мәдени» тәрбие жүйесін қалыптастыру керек екенін дәлелдеуге ұмтылған.

Біздің пікіріміз бойынша, ол үшін, ең алдымен, қазақ жұртының ішкі патриоттық «менін» құрайтын этно-әлеуметтік мінез-құлқы қандай болған, ол қандай ұстанымдарға негізделгендігінің мәнін ашу қажет.

Патриоттық сезімнің нысаны мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны – туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы болады. Тәлім-тәрбиелік мұраларымыздың ішкі бастауларына кіретін рухани дүниелер бұлармен ғана шектелмейді. Мәселен, XII ғасырдағы Ахмет Игунекидің «Хақиқаттар сыйы» (шындық сыйы) шығармасында сол дәуірдегі адамдардың моральдік нормаларын сөз еткен [9].

Дүние қоңыз бүгін бар да, ертең жоқ, жауыздық пен қатыгездікті, қанды қанмен жуып тазартуға болмайды, осы іспеттес мінездегі толып жатқан міндеттерді сынайды, адамның жақсы қасиеттері өнегелік пен жақсылықты, қайырымдылық пен мейірбандылықты паш етеді.

Біздің пікіріміз бойынша, студенттер ғана емес жалпы кез келген адам соғыс іс-әрекеттерінде немесе басқа жағдайда ерлік, отаншылдық істерге бару үшін оған алдымен рухани жағынан дайын болуы тиіс. Өткені, қару-жарақты қанша меңгергенмен, отаншылдық іс-әрекетке ішкі жан дүниесі, сана-сезімі дайын

болмаса, елі мен жері үшін жанкештілікке бару екіталай. Бұл жерде ататектен келе жатқан ұлттық болмыстағы патриотизмнің орны бөлек.

Біздіңше, өсіп келе жатқан жас буындарда Отанымыздағы әлеуметтік саяси құбылыстарға дұрыс көзқарас қалыптастыра білсек, жаңа мазмұнды сана-сезім, іс-әрекет аясында олардың жалпы патриоттық ой-пікіріне ықпал етер еді. Мұндай ойды толығымен келтіріп отырған себебіміз - бейбітшілік жағдайдағы патриотизмнің сипатын көрсету. Бұны жай ғана күнделікті өмірдегі қарапайым, ұсақ-түйек деп қарауға болмайды.

Бүгінгі Қазақстан жағдайындағы ұлттық патриотизмнің басты көрінісі - қазақтың ана тілінде сөйлеуі, балаларына ұлттық тәрбие беруі, ұлттық мінез, жүріс-тұрыс қалыптастыру, ізет, құрмет, қайырым, мейірім, тағы басқа сезімдерін дамытуы.

Қала, жер-су, көше аттарын өз атымен атау, ұлттық мәдениетті бәрінен жоғары тұту, қазақ өнеріне ден қою секілді толып жатқан ірі-ұсақ нәрселерді ескерген жөн. Осылардың ең бастысы - өз ұлтын мақтан ету, жақсы жақтарымен басқа ұлт өкілдеріне өнеге көрсетуге әрқашан дайын болу, өзгелерді жатырқамау.

Қазақстанда 120-дан астам ұлт өкілдерінің өмір сүруі қазақ ұлтының біртұтас мемлекет екенін жоққа шығармайды. Сондықтан Қазақстан Республикасында, ең алдымен, сан ғасырлық тарихы бар Қазақ ұлтының бірегейлігін сақтап, дамытуға қызмет етуге тиіспіз. Қазақ ұлтын мемлекет иесі, қалған басқа ұлттарды осы мемлекет заңдарын сыйлайтын парасатты азаматтары деп қарауымыз керек. Бұл біздің қазақстандық патриотизмді ұлттық патриотизмге негізделуі керек деген ойымызды нығайта түседі [10].

Адамгершілікке тәрбиелеу нәрестенің бойында ізгілік сезімдері, пайда болған кезінен басталады. Адамдарға деген қамқорлық, оларды сыйлау, қажеттіліктері мен денсаулықтарына зейін салу баланың нәзік жүрегінде өз ата-анасының махаббаты мен қамқорлығының қарымы ретінде қалыптаса бастайды.

Балаға деген махаббат, ата-ананың табиғи сезімі өз ата-анасы немесе тәрбиешілері жағынан еркелету, қамқорлық, рухани жылылық көрмеген балада адамгершіліктің ізгілік әрекеттерінің оянуы мен дамуына талпыныс болмайды. Ол адамдарға тек өзінің жеке санасы тұрғысынан қарауды үйреніп, тұйық, қатыгез болып өседі. Мораль тек қана тіршілікке қарама-қайшы іс-әрекеттерді тежеумен шектелмей, олармен күресуді де талап етеді.

Баланы жамандықтың әсерінен қорғаштап қана қоймай, оған қарсы белсенді күресуді де үйрету қажет. Сондықтан да балаға адамгершілік іс-әрекеттердің қажеттілігін сіңдіру, әдептілік өлшемдерінің қоғамдық мазмұнын ашып көрсету өз іс-әрекеттері мен балалардың мінез-құлқына сын кезбен қарауды үйретудің өте қажетті және маңызды әрекеті болып табылады. Алайда моральдық тақырыпта әңгіме өткізген кезде баланың: өзінің тәжірибесінен аулақ кетіп, тек бір сіресіп катып қалған қағидаларға ауып кетуге де болмайды. Әдептілік қағидаларын білу - адамгершілік мінездің алғы шарты, бірақ оның өзі жеткіліксіз. Басты өлшемі тек қана баланың нақты іс-

әрекеттері, олардың басты себептері ғана бола алады. Әдептілік қағидаларына саналы түрде бойұсыну, әзір тұру қабілеті тек қана баланың өзінің ұзаққа созылған тәжірибесі. Тек қана адамгершілік әрекеттер жасау жаттығулары барысында қалыптасады.

Басқалардың есебінен өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға дағдыланып ал өзі кімге қамқорлық жасауға дағдыланбаған бала тіпті әдептілік қағидаларының барлығын жасап алса да адамгершілігі мол болып өспейді. Үйде қайткен күнде де бұлжытпай орындайтын өзіне тән, біртіндеп күрделене беретін міндеттері болуы керек; анасына көмектесу, өзінен кіші бауырлары мен қарындастарын құру, тапсырылған жұмыстарды орындау. Үйде ол ізеттілікті, үлкендерге құрмет, кішілерге қамқорлық көрсетуді үйренуге міндетті [11].

Мектепте бала - балалар ұжымының мүшесі. Ата-аналары мен тәрбиешілері оның ұжымның күнделікті өміріне қызу араласып кетуіне көмектесуге көңіл аударуы қажет.

Оқушыларға арналған ережелерге бойұсыну, оқушының қоғамдық тапсырмаларды орындауы - оның моральдық қалыптасуының бұлжымас шарты. Жақсы істері үшін баланы мадақтайды, жаман әрекеттері талқыға салынады және жазаланады. Мадақтау мен жазалау тәрбие құралы ретінде көптен бері қолданылып келеді. Айтқанға көну баланың әдептілік жұмысының ең қарапайым түрі. Педагогика балалардың осы қасиетін қалыптастыруға зор маңыз береді. Балалар айтқанды орындап тұрса, үйде тәртіп сақтап тұру оңайға түседі. Осындай баланы жасына қарай жақсы істерге баулу, адамгершілік идеяларын санасына сыйдыру және оның мінез-құлқында адамгершілік дағдыларын қалыптастыру да оңай болады. Бала адамдар арасында орнаған әдептілік қағидаларын білмей, ұқпай, үйренбей танып басқалармен қарым-қатынас жасай бастайды. Мысалы, ол бөтен бөлмеге рұқсатсыз кіруі, амандаспауы, қажет кезінде "рақмет" айтпауы мүмкін. Баланы тәртіп ережелерінде көрсетілген мәдениетті мінез-құлқын табандылықпен қалыптастыру керек. Жақсы әдеттің де осындай маңызы бар. Қолдарын ербеңдету және қатты дауыстап сөйлеу әдейі боп қалдырады.

Инабаттылық ережелерін сақтайтын және әдепті адам ең алдымен кішіпейіл болады. Кішіпейілділіктің белгілі бір түрлерімен айқындалады. Кішіпейілділік ережелері мысалы, үлкен адамдарға "сіз" деп айту абзал. Бұл жақындықты көрсетеді. Кішіпейілді өтініп айтқан кезде дегенді қосып айтуды талап етеді.

Кішіпейілділік сөйлескен кезде айқайламауды, дауыс көтермегенді талап етеді. Кішіпейілділік өзі ренжіткен, өкпелеткен, ыңғайсыз жағдайға душар еткен адамнан кешірім сұрауды талап етеді. Адамдарға қарата кішіпейіл болу оларға сезімталдық сый-құрмет көрсетуді көздейді, алайда бұл осы қасиеттердің адамның бойына қаншалықты құрмет көрсеткенін

көрсете алмайды. Адамдарды құрметтеуге тәрбиелеу үшін қарапайымдылыққа баулу қажет. Қарапайым адам өзгелердің ойларын, істерін жігер мақсаттарын сыйлайды. Ол басқаларды жиі-жиі көмек сұрап мазаламайды. Ол өзі қол жеткізген жетістіктеріне тоқмейілісіп мақтанбай, оларға тәптіштеп баға беріп, басқалардың еңбектері мен жетістіктерін сыйлайды. Өз қажеттігін өтеу барысында басқаларына төңірегіндегі елдің мүддесімен санасады. Балаларды қарапайым болуға баулу дегеніміз оларды адамдарға сезімтал болып құрметтеуге тәрбиелеу [12].

Төзімділік дегеніміз - сапалы түрде шешімді орындау үшін өзін-өзі тежеуді және сол мақсат үшін барлық күш-жігерін жұмсау қабілеті. Балаларды төзімділікке тәрбиелеу олардың жігерін, мінезін калыптастырудың бірден-бір кепілі.

Төзімділікке тәрбиелеуді баланың сәби кезінен бастау керек. Бала нәресте кезінде ойыншықтарды тағатсыздықпен талап етеді. Алайда сіз оны белгілі бір мезгілде ойнатып, ойыншықтарын таза қолымен ұстауға дағдыланғанын қалайсыз. Батылдық батырлыққа сүйсінбейтін адам жоқ. Батылдық пен батырлығы жоқ адамды халық көріп, оны "қорқақ" деп табалайды. Қорқақтық көрсету - достарынан, таныстарының сыйлап-құрметтеуінен қалу, ар-абыройынан айырылу. Қорқақ адамнан шын достықта адалдық, қиыншылықта көмек әсте күтуге болмас. Қиын жағдайда қорқақтықтың сатқындыққа апаратыны да аз кездеспейді. Ата-аналармен тәрбиешілердің балалардың батыл және батыр болып тәрбиеленуіне қамқорлық жасауы үшін педагогика ғылымы - бұл үшін тиімді әдістеме жасап шығаруы керек. Алайда бала тәрбиесінде керісінше болып жататынын байқап жүрміз. Балалар орманға бара жатты. Оларды анасы бұл орманда қасқыр да, жылан да жоқ екенін біле тұра, «алысқа кетерде» ол жақта қасқыр мен жылан бар" деп қорқытады. "Алысқа жүзбе суға түспе", "Жығыласың; аяғың сынады", "Ағашқа шықпа, құлап жазым боласың", әйткенмен, шықпай және жыламай жүрсін деп кішкене балаларды милиционермен де, «құбыжықпен де, қап көтерген шалмен де қорқытады. Осындай әңгімелер мен қорқытулар бала санасында қорқақтайтын негізі болып табылатын үрей сезімін туғызып, дамытпай ма».

Бас-көзсіз батырлық, ұрда жық мінез, арамдық пен табансыздыққа кейде қорқақтыққа оп-оңай айналып кетуі мүмкін. Шынайы батырлық - ол адамгершіліктің жоғары принциптерін қорғау барысындағы батылдық, табандылық, тайынбаушылық өз-мақсаттар үшін күрестегі әрқашан және әр жерде намысына, ар-ожданына, көзқарасына сәйкес әрекет жасау [13, 836].

Батырлықтың негізі - идеяға берілгендік. Баланы батырлыққа тәрбиелеу үшін бала санасына коммунистік идеяларды орнатып, оның халыққа жан-тәнімен беріліп жұмыс істеуіне ынталандыру қажет. Шындықты асқан батырлықпен қорғау, оның ел үшін жасалған ерліктердің үлгілері баланың өзін сондай батырлық әрекеттерге баруға құштарлығын туғызады.

Балаларды батырлыққа тәрбиелеу - моральдық ұғымдардың шеңберін кеңейтіп және ерлік әрекеттерге ынталандырып, өз әрекеттеріне моральдық қағидаларды іс жүзіне асыруға күнделікті үйрету. Батырлардың өмірбаяндары олардың батырлығы бала кезінен тәрбиеленгенін дәлелдейді. Адамның моральдық қалыптасуы барысында намыс жігер ерекше орын алады. Сондықтан да намыс сезімін қалыптастыру тәрбиешінің жұмысының басты орындардың бірі саналады.

Балада күрделі және терең намыс сезімі біртіндеп пайда болады. Ол дамып, зор адамгершілік күшке айналады. Өз намысы. Өз намысының сезімі мен санасы жеке өскен өзі сыйлайтын, соған қатысы болғанын мақтан ететін ұжым арасындағы қатынастардың күшеюін көрсетеді. Жеке намысына дақ түсу әрқашан ұжымын, қатынастарының оған деген сенімінің азаюын көрсетеді. Намысынан айрылу олардың жеке өзіне моральдық табалауына, тіпті ұжым қатарынан аластауына әкеліп соғады.

Өз намысын қастерлеу әр істе және әрқашан да ұжымын адамгершілікке деген қатынастарының жоғарғы сатысында болуға ұмтылу. Намыс оған өтірік айтқызбайды, алдауға, жол бермейді. Намыс адамдар арасындағы қатынаста адалдықты талап етеді. Намыс пендешілікке жібермейді, қауіп төнген жағдайда адамды дұрыс жолға жетелейді. Ұжыммен байланысы ұлғайған сайын бала тек өз басынан намысын емес, бүкіл ұжымының намысы үшін жауапты екенін түсінеді. Ол өз үйінің, өз класының, мектебінің намысын, тіпті өз Отаны Қазақстанның намысы мен даңқын ұстайтын болады [14].

Қазақстандық патриотизмнің негізгі тірегі - азаматтық және ұлттық тәрбиеде

Қазақ халқы ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан елі мен жерін көзінің қарашығындай сақтап ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап отырған. Қандай қиыншылық заманда да "малым — арымның садақасы" деген қағиданы өмірлік ұстанымына айналдырып, ерлік туын жоғары ұстаған.

"Біздің туымыз — тәуелсіздік, тілегіміз — бейбітшілік, тыныштық. Осы мақсат жолында Қазақстандағы барлық ұлт өкілдерінің бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай күш біріктіруіне мүдделіміз" деген Елбасының сөзі еліміздің елдігі мен бірлігін сақтауға атсалысып отырған көпұлтты еліміз үшін негізгі мұрат болып табылады.

Көпұлтты Қазақстан үшін патриотизмді қалыптастыруда ел президентінің еңбектері негізгі орын алады. Қоғамдағы қалыптасқан патриотизм ұғымы ұлттық патриотизм, қазақ патриотизмі және қазақстандық патриотизм ұғымдары өзара кіріктіре қарастырылады.


"Бүгінгі қазақ халқы — сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі

ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, үлкен үйдің қарашаңырағын атажұртта сақтап қалған халық.

... кейіннен біздің халқымыздың құрамына кірген тайпалық одақтар Ұлы Түрік қағанаты, Түргеш, Қарлұқ, Қимақ, Қарахандықтар мемлекеттерінің негізін қалаушылар қатарында болған. Азияның алып даласындағы небір жойқын оқиғалардың, қан-қасап күрестің ортасында жүрген, қай дәуірде азатшыл рухымен, туған жерді ала-бөтен қадірлейтін отаншылдығымен ерекшеленген" деген сөзінен ұлттық немесе қазақ патриотизмінің өзіндік қайталанбас тарихы бар ұғым екенін байқаймыз. Президенттің әр еңбегі ұлттық бірлік пен ұлтаралық татулыққа бағытталған.

Н.Назарбаевтың "Тарих толқынында" еңбегінде ұлттық келбетті ұлықтау үшін ұлт мәселесіне қатысты жалпы үрдісті танып түсіну арқылы мемлекет дамуының жалпы бағыттарын нақтылау көзделген. "Ұлт дегеніміз — жанды организм, оның даму барысы әлеуметтік-биологиялық және мәдени мүмкіндіктермен шектеліп отырады. ...ұлттық-мемлекеттік саясаттың базалық негізі өзін-өзі тану мәселесі болып шығады деп атап көрсеткеніндей, ұлттық тарихтың 10 жылы құқықтық, экономикалық және саяси жаңалықтарға қоса, ұлт психологиясына түбегейлі өзгерістер енгізіп, тарихтағы орнын әлеуметтік және мәдени тұрғыда танып білу сезімін орнықтырды.

Ұлттың дамып қалыптасу үрдісін мына сызбадан көруге болады.



Еңбекте "ұлттың болашағына, оның өзіндік "МЕН" дегізерлік қасиеттерін сақтау мүмкіндіктеріне сеніммен қарау — жай әншейін кезекті қиялдың жемісі емес. Мұндай сенімнің бізде орнықты негізі бар" дей келе, ұлттық әрекеттің аясын үш түрлі фактор тұрғысынан қамтиды.

"Бірінші — ұлттық бірігу (интеграция).

Екінші — қазақтың ұлттық тұтастануы.

Бұл — дербес мемлекеттікті сақтау және дамыту. Бұл мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін дамыту және нақтылы әрекетке ұластыру. Бұл қазақтың аумақтық тұтастығы.

...Азаттыққа, Қазақстан аумағының тұтастығына, нақтылы экономикалық, әскери, ақпараттық дербестікке қол жеткізу дегеніміз мейлінше күрделі және ұзақ уақытқа созылатын, сондай-ақ ұлттың ерекше қажыр-қайратын қажет ететін үрдіс екенін сезіну әрбір қазақ үшін әліппелік ақиқат болуға тиіс.

Үшінші — ұлттың жасақталу үрдісінде өзінің рөлі мен қызметін айқын сезінулері қажет».

Елбасы өз еңбегінде халқымыздың ұлттық келбетін тарихи тағылымдарға ғылыми зерделеу арқылы жан-жақты қарастыра келе, қазақ халқына тән ұлттық сана қазақ халқының әлемдік биік дәрежеде көрінуінің негізі екеніне нақты тоқталады. "Ұлттық сананың кейбір ерекшеліктері де, қазақ болмысының құпиясы мен ерекшеліктері де қазақ болмысының құпиясы мен өміршең күштерін нұрландыра алады. Қазақтардың рухани әлемі негізінен ауызекі поэзия дәстүрінің ықпалымен қалыптасып отырған.

Бұл шын мәнісінде қазақ дүниетанымының төл қасиетін орнықтыруда түбірлі ықпал еткен, мазмұны мен болмысы демократияшыл құбылыс болатын деп қазақ халқының өзіндік болмысына сәйкес танымдық және қабылдау ерекшеліктерін ашып көрсетеді.

Халқымыздың жер бетінен жойылмай көне тарихы бар елге айналуы "ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқысы болған — оның ғажайып тілінде екенін қазақ тағылымының тағы да бір ешкіммен салыстыруға келмейтін табиғаты екенін айқындайды [15].

Қазақ болмысының тарихи ерекшелігі оның тарихшылдығында, — дейді автор, — тарихи бімнің мұндай жүйесі қатардағы көшпелілер үшін тарихи-мәдени оқиғалардың ағыны ретінде бала кезінен сана-сезіміне сіңіп отырған. Халық тарихын түсініп білу әрбір адамның өз басындағы сезім-түйсікпен астасып отырған. Тарих туралы тапшылаудың саяр жері тек қана жаугершілік жайында болмау керек, ұлттық рухтың: шарықтайтын шақтары бізге көбірек ден қойдыртуға тиіс". Яғни, рухы биік халықтың өсіп-өркендеуі, әрбір қиын-қыстау заманындағы тарихи оқиғалар тұсында ерлік туын жоғары ұстауында деп тұжырымдайды.

Қазақ халқы елі мен жерін жауға бермей ұрпақтарына аманаттауы бұл ұлттық рухтың биік шыңы деуге болады. Қазақ халқының тарихында ұлттық рухтың биіктеу шыңы тарихи оқиғалардан көрініс береді. Ол түркі халқының ерлік дәстүрі. Алтын Орда тұсындағы және ХҮІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ халқының басындағы қиыншылықтарға төтеп беруі, ХІХ ғасырдағы патша саясатына қарсы күресі, екінші дүниежүзілік соғысы, Желтоқсан оқиғасы, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі тарихи оқиғалар т.б.

ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ-ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Ұлттық тәрбие және өркениет

Адам дүниені өмірінің соңына дейін танып-білуден жалыққан емес. Оған Қазақтың ұлттық дүниетанымында адам мәселесі теориялық тұрғыдан да, рухани, практикалық тұрғыдан да қарастырылып келгені куә. Қай тұрғыдан алсақ та адам-рухани, адам баласының берік орнағына көзіміз жетеді. Осылар төңірегінде қазақ халқының ойлау мәдениеті қалыптасып, өзіндік философиясы дамыған.

Даналарымыз дүниеге әкелген қазақтың рухани мәдениетінде тарихи тамыры өте терең қомақты тәрбие туралы ілім қалыптасқан. Тәрбие төңірегінде халық қол жеткізген жетістіктер уақыт өткен сайын жаңғырып, жаңа мазмұнға ие бола түсуде. Осы қазынамен етене танысып, оны өзінің рухани дүниесінің аса маңызды имманентті қасиетіне айналдыра алған әрбір қазақ азаматы ұлтымыздың болашақ өркениетінің дамуына ерекше үлес қосатыны сөзсіз. Біздің негізгі мақсатымыз тарихи тамыры терең ұлттық мәдениеттен сусындаған тәрбиенің адамды қалыптастырудағы қызметін анықтау арқылы өркениеттік құндылық ретіндегі ролін ашып көрсету[28].

Қазақстандағы білім беру үрдісінде ұлттық тәрбие беру кездері толығымен ашылып отырған жоқ. Ол мұғалім ұлттық тәрбие беруге даярлық көздерінің жетіспеушілігінен, ұлттық тәрбиенің мәдениеттанулық тұрғыдан зерттелу дәрежесінің төмендігінен, тағы басқа айқын көрініп жүр. Осыларды ескере отырып, мынандай қорытындылар жасауға болады:

1. Осы уақытқа дейінгі қалыптасқан қоғамның сан-саласындағы ой-пікірлер, еңбектер, мемлекеттік құжаттар мен іс-тәжірибелерге сүйене отырып, халқының ана тілі, тарихы, төл мәдениеті мен философиясы, салт-дәстүрлері арқылы қалыптасқан сана-ұлттық рухтың басты белгісі болмақ. Олай болса ұлттық тәрбие—ұлттық рухты адамның ұлттық санасы мен болмысын үлгілендіру, озық өркениеттен үйрену жолындағы жүйелі іс-әрекеті.

2. Ұлттық тәрбие мәселесін қарастырғанда білім ордаларында ұлттық тәрбие беру мұғалімдерді даярлаудың қажеттілігін туғызады. Мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге даярлауда осы айналысатын теориялық негізделген орталықтар қажет. Ғылыми-теориялық негіздеуде мәдениеттанулық талдау жүргізу де өзекті. Олай болса ұлттық тәрбие беруде:

Қазақстан Республикасында ұлттық тәлім-тәрбие беруге арналған мемлекеттік құжаттар, тұжырымдамалар, тағы басқа қажеттілігі;

- білім ордаларында (балабақша, мектеп, арнайы, жоғары оқу орындарында) жас ұрпаққа арналған арнайы бағдарламалардың болуы;

- ғылыми-әдістемелік көмек көрсетумен қатар ғылыми зерттеу арқылы жүйелеуде негіз болатын ұлттық тәрбие орталықтарының құрылып, жұмыс жасағаны айрықша маңызды.

Жоғарыда аталған ұлттық тәрбиенің өркениеттің құндылық ретіндегі басты тұжырымдарынан ұлттық тәрбие берудің негізгі принциптері шығады. Ол - адам мен адамдар арасындағы құндылықтар жүйесіне негізделген гуманистік принцип; адам өмірі мен қоғам арасындағы құндылықтар жүйесіндегі негізделген мәдениеттанулық принцип; адам мен табиғат арасындағы құндылықтар жүйесіндегі негізделген төлтумалық (табиғилық) принцип.

1. Ұлттық тәрбие берудегі гуманистік принцип (субъект-субъект қатынасына, яғни адам мен адам қатынасына негізделеді). Адам - нақты тарихи-мәдени ортаның жемісі. Тәрбиелі адам ғана мәдениетті, мәдениетті адам ғана нағыз гуманист бола алады. Қоғамызға жеткіліксіз болып жүрген ең басты құндылық – мәдениетті, білікті, сияқты ауқымды ұғымдар жаңа ізденіс, зерттеулерді талап етуде. Мәдениет пен өркениеттің өзара байланысы, айырмашылығы туралы мәселе де адам болмысымен тығыз байланысты ұлттық тәрбиемен ұштасып жатады.

2. Ұлттық тәрбие берудегі мәдениеттанулық принцип (адам-қоғам қатынасына негізделген) жалпы адамзаттық құндылықтардың ұлттық мәдениет пен салт-дәстүр, тәрбиемен берілетін ұлттық құндылықтардан бастау алуы мен байланысы. Адам өзінің ішкі болмысымен, мақсат-мұраттарымен, тілектерімен, өзіндік ерекшеліктерімен ең басты құндылық болып қалыптасады, дамиды. Аксологиялық ұстаным тұрғысынан адамдық қасиеттердің көрінуінің жоғарғы сатысы кең пейілділік, білімділік, кішіпейілділік, достыққа ұмтылу, басқаны құрметтеу, рухани мәдениет, тәрбиелік, т.б. Бұл деген, тәрбиенің негізін мәдени ядросын әмбебеп жалпы адамзаттық, тұлғалық құндылықтардың аша түсудің негізін ұлттық құндылықта құрайтындығына нұсқайды.

3. Ұлттық тәрбие берудегі төлтумалық (табиғилық) принципі (адам табиғат қатынасына негізделген) табиғи және әлеуметтік іс-әрекеттердің байланысы. Төлтумалық принципке мәдениеттанулық негіз ең алдымен, адамның төлтумалы, табиғатына жақын, сіңісті рухани дүниесімен байланысты дүниелерді анық айқындауында және жоғалтпауында. Сонымен қатар, бұл принцип, жыныстарына (ер, әйел) қарай тәрбие берудің ерекшеліктеріне мән беруді қажет етуі, ұрпақтар сабақтастығының кепілі бола білуінде жатыр. Төлтумалық принциптің тағы бір қырын табиғатпен үйлесімді өмір сүру, яғни қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттырумен ұштастыруға болады. Төртінші бір қыры - денсаулығын күту, шынықтыру. Жан тазалығымен қатар тән тазалығына үлкен мән беруі. Ұлттық тәрбиеде адамға бір тұтастық қатынас орнату, оның денсаулығының - жан, тән, түр психологиялық, адамгершілік компоненттерден тұратын тұлға саулығының кешенді қатынасы деп қарастырады [29].

Тәрбие, білім беру ісінде көптеген мәселелер туындап жатыр, Өмір заңдылығына орай алдағы уақытта да бола береді. Мұны күнделікті жағдайда белгілі тәсілдер, ойлау жүйесі арқылы шешу қиын. Осы арада философия

ғылымының орны қандай? Ағарту саласында бүгінгі қоғам келбетіне сәйкес демократиялық үрдістерге негізделген білім беру жүйесін ұлттық құндылықтар мен мәдениетке сүйеніп жасай отырып, әлемдік өркениет жүйесіне енуде талғамымыз бен қатаң сынымыздан өткен жалпыадамзаттық құндылықтардан да бас тартпауымыз керек.

Білім мен ғылым - жалпыадамзатқа ортақ. Бүгінгі мәдениет пен ғылым -әлем халықтарының жасампаз еңбегінің нәтижесі. Оны жасауға түрлі тарихи кезеңдерде отандастарымызда өз үлестерін қосты. Қазақ даласынан шыққан белгілі тұлғалар өз кезеңінде адамзаттың ақыл-ой қазынасын байытатын еңбектер жазған. Олардың елінің, Отанының болашағын әлемдік өркениетпен тұтастықта көлденең дәлелдеп жатудың қажеті болмас. Олай болса, жалпыадамзаттың даму үрдісіне араласу халқымыз үшін беймәлім құбылыс емес. Сонымен бірге мәселенің басқа бетінде ұмытпағанымыз жөн. Біз әлемдік өркениетте табиғатымызға жат, сырттан алынған дүниелермен емес, өз топырағымыздан тамырын терең жайған ұлттық құндылықтарымызды өркендедіп өсіру арқылы ғана қосыла аламыз. Бұл жөнінде профессор А.Х.Қасымжановтың: «Жалпы алғанда, бұл - халықтың өмір сүру жағдайын, заңдылықтарын, тәртібін екінші бір халыққа келу деген өте ауыр, қиын құбылыс. Айталық, тірі организмге екінші бір органды ауыстырып салу барлық уақытта дұрыс нәтиже бермейді, себебі оны организм жатсынады, ауырсынады, қабылдай алмайды, тіпті өліп кетуі мүмкін. Көнеден келе жатқан мынадай бір сөз бар: «Өзіңе жат әдет-ғұрыптарды қалай болса, солай қабылдай беруге болмайды». Геродот тарихта скифтердің өзге елдің әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін қабылдауға қарсы болғанын атап көрсетеді. Оған дәлел Анахристін өз бауырының қолынан қаза табуы. Біздің түрік бабамыз Тоныкөк те өзі Қытай білімін ала тұра: «өзге халықтардың құндылығын қабылдауға болады, бірақ ол үшін өз әдет-ғұрпыңды сақтай отырып, өзге елдің әсерінен түсіп кетуден аулақ болу керек» деген екен. Осы тұрғыдан алғанда, қазақтардың өзінің тарихынан, салт-дәстүрінен (тәңірлік, зороастралық, шамандық, түрік, шыңғыстық) бас тартуына себеп жоқ» - деген пікірден қоярлықтай [30].

Тоталитарлық жүйеде қалыптасқан әкімшілдік-бюрократтық сахнада философия идеологиямен пара-пар қабылданды. Сол себептен де философияның білім беру жүйесімен жақындасуын бұрыс деушілер де жеткілікті. Философия мен білім беру параллель дүниелерде жатыр дейтін тезисті жақтаушылармен қатар онымен келіспейтіндер де бар.

Өскелең ұрпаққа білім берудің қажеттігі жөнінде көп айтылады. Бірақ оларды өмірге, өмірдің шындығына бейімдеу, өзіндік мінезін қалыптастыру, тәрбиелік көздерін ашуда іс-қимылдарымыз мардымсыз күйде. Білім беру мен адамшылық тәрбие беру бір-бірінен алшақ жатқандай көрінеді. Тәрбие сөзбен ғана берілмейді, тәрбие беруші сонымен бірге өнегелі өмір сүруі керек.

Қазіргі кезеңде ата-аналар сәбилерін әріпті танытып, жаза білуге «үйретуі» ұтымды нәтиже бермесі анық. «Сондықтан мектептің басты мақсаты - дайын келген адамды мәліметтер мен ақпараттар ағынымен тағындай бермей,

адамның адам болуына қолдан келер барлық жағдай мен мүмкіндіктер көзін ашу. Бұл функцияны мұғалім атқаруы қажет, өйткені баланы дұрыс оқи алуға, оқу жазу тәртібіне дағдыландырады. М.Жұмабаев баланың тілін дұрыс жолға салатын, түзететін байытатын білім ордасы-мектеп екендігін айтқан.

Соңғы кездері практик-педагогтардың көбеюі де алаңдатарлық жайт. Әрине, еркін ойлап, өз тәжірибесін басқаларға үлгі етерлік мұғалімдер жоқ деуге болмас. Дегенмен әсіресе экспериментке әуестенудің тиісті де жүйелі нәтиже беруі-күмән тудыраар әдіс. Міне, осы мәселе жөнінде Я.А.Коменский (1592-1670) «Ұлы дидактика» деген шығармасында схоластикалық мектептің кемшіліктерін атай отырып, оқытудың жаңа жолдарын көрсетеді. Коменский өзінің мақсаты етіп оқытудың жаңа негізін қарастыруды қойды. «Әлбетте таным сезіп-білуден басталады. Сондықтан, -деді Коменский оқытуды затты сөзбен сипаттағаннан гөрі, ұстап-көріп, тікелей бақылаған маңыздырақ. Затты тануда біреудің пайымдауларына сүйенгеннен гөрі, көзбен көріп, қолыңмен ұстап таныған зерттеулердің құнды екенін айтты» [31].

Ал француз философ-ағартушылары түрлі бағыттарға бөлінсе де, өздерін адамзаттың ілгерушілері (прогрессивті) сапасынан көре білді. Олар тәрбиенің құдіретті күшіне сенді. Француз -ағартушысы Ж.Руссо (1712-1778) «табиғатқа сенімді» жақтаушылардан болып, «табиғи құқық, табиғи дін және табиғи тәрбие» көзқарасын қолдап отырды. Бала тәрбиелеуде олардың жас ерекшеліктеріне көп көңіл бөліп, тәрбиеленушілердің төрт кезеңінен (0-2) сәби десе, 2-12, 12-15 жастағылар және 15-тен жоғары жастар қарастырылып, оларға адамгершілік, иманжүзділік тәрбиелерін беруді мақұл көрді. Оқытудың белсенді болуын, еңбекке тәрбиелеуді, оқытуды өмірмен байланыстыруды, балалардың жас ерекшеліктерін ескеру әдістерін талап етті.

Міне, осыдан көріп отырғанымыздай, педагог-философтар да өздерінің жан дүниесін халқының рухымен байланыстырылып, келешек ұрпаққа білім, тәрбие беру жолында көп ізденіп, осы мәселеге бар пәрменімен ат салысқан және ат салысуда.

Қазіргі заман талабына сай әлеуметтік тәрбие ұғымы адамға жағдай жасау және барлық әлеуметтік мәселелер мен әрекеттерді қолдана отырып, адам дамуын, адамның әлеуметтік құрылуын ынталандыру деп түсіндіріледі, осы процестер аясын қамтиды.

Тәрбие кез-келген қоғамның аса маңызды қызметі. Бұл әлеуметтік процесс болып табыла отырып, адамның мінез-құлқы мен қызметіне қоғамдағы барлық институттар, қоршаған орта және осы процестің субъектісі ретінде жеке тұлғаның белсенділігі арқылы мақсатты түрде әсер етуі.

Тәрбие процесі жеке адам мен балалар ұжымын әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруда, оларды өмірге дайындап, қоғамда өз орнын таба білуге үйретіп, әрбір әрекетімен, қызметімен қоғамға пайда келтіруден, өз жеке басына қанағаттанан сезіммен қарауға тәрбиелеу.

Тәрбие процесінің құрылысы өз ерекшеліктеріне байланысты алдына айқын мақсаттар қойып, тәрбие мазмұнын соған негіздеп, оларды іс-жүзіне

асыруда тәрбиенің формалары мен әдіс тәсілдерін, объективті мүмкіндіктерін, сонымен қатар, ең соңында жеткен жетістіктердің қорытындысын белгілейді.

Жас ұрпақтарға аға буындардың жинақтап берген әлеуметтік бай тәжірибесін беруде қайта құру ой пікірін сана-сезімдеріне сіңіруге, мағыналы мінез-құлық нормаларымен жүріс-тұрыс, әдет-дағдыларын қалыптастыруда кешенді тәрбие - қоғамдық қызмет атқарады. Осы орайда тәжірибе жүктелетін ең басты мақсат-қоғамға қажетті адамгершілік қасиеті жоғары, еңбек сүйгіш, ғылыми дүние танымы қалыптасу үстіндегі, эстетикалық талғам сезімі мен дене күші мығым, белсенділік өмірлік ұстанымы айқындалған жеке адамды қалыптастыру.

Ал қоғамдық әлеуметтік тәрбиеге келсек, бұл қоғамдық көмек көрсетудің педагогикалық бағдарланған, бір мақсатқа лайықталған жүйесі. Ол тәрбиелік білім беру процесінде барлық құралдар мен мүмкіндіктерін арсеналын толық қанды пайдалануды көздейді, оларды қоғам жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында бір жүйеге орналастырып отырады.

Әлеуметтік тәрбие барысында адамда «өзін басқаларға ұқсату» қажеттілігі көрініс береді. Алайда, бала тұлғасының жеке даму процесінде басқа қажеттілік - өзін, өзінің даралығы көрсету туралы. Жеке адам мұны көрсету үшін амалдар мен тәсілдер іздеу бастайды. Осы процестің нәтижесінде оның дардалануы жүзеге асырылады, яғни жеке тұлға қайталанбас, керемет белгілермен ерекшеленеді.

Осылайша, жеке адамның әлеуметтік дамуы өзара байланыста екі бағыт арқылы жүзеге асады: әлеуметтену және даралану.

Сонымен, әлеуметтік тәрбиенің негізгі мақсаты адамның жеке тұлға ретінде дамуына, оның қоғамдағы қабілетімен мүмкіндігінің таралуына әсер ету болып табылады.

Әлеуметтік тәрбие мазмұнындағы нақты мақсаттар құрылымында алдыңғы жоспарға екі жақтың өзара әрекетін сәйкес кенелуі ұсынылады: яғни, барлық субъектілермен әрбір адамның өмірлік қызмет саласындағы

қызығушылықтың тәрбиелік мүмкіндіктерін бағыттаушы қоғам және жеке тұлғаның өзіндік белсенділік механизмі, оның қоғамның пайдасы үшін көрсетер шығармашылық потенциялы.

Әлеуметтік тәрбие процесінде тұлға әлеуметтенудің негізгі үш міндетін атқарады: табиғи-мәдени, әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-психологиялық.

Табиғи-мәдени міндеттер-дамудың белгілі-бір физикалық және сексуалды деңгейіне жету, яғни адам даму барысында этикет элементтерін, денемен және жыныстық рольдік тәртіпке қатысты кинестикалық тілді (ым, ишара) меңгереді; физикалық және сексуалды нышандарды дамытады және (немесе) жүзеге асыру, жынысқа және жасқа сай салауатты өмір салтын жүргізу.

Әлеуметтік-мәдени міндеттер-танымдық, моральды-адамгершіліктік, құндылық, әрбір жас кезеңінде өз маңызы бар. Әрбір жас кезеңінде адам

алдында оның отбасылық өміріндегі, өндірістік -экономикалық іс-әрекетке қатысуына байланысты міндеттер тұрады.

Әлеуметтік психологиялық міндеттер бұл тұлғаның өзіндік танымының, оның болашақтағы және маңызды өмір саласындағы ішкі анықтылығы әрбір жас кезеңінде өзіндік маңызы бар мазмұны мен оларды іске асыратын тәсілдерді бар өзін көрсету және ішкі бекемділік процесінің қалыптасуы.

Жоғарыда аталып өткен үш топтың міндеттерін жүзеге асыру адам даму үшін объективті қажеттілік болып табылады. Егер кейбір міндеттер белгілі жас кезеңінде шешілмей қалса, онда ол сырттай адамның әлеуметтенуінің толық қанды болмауына алып келеді. Кей жағдайларда бұл адамның әлеуметтенуінде ешқандай көрініс бере бермеуі мүмкін, бірақ белгілі бір уақыт арасында «қалқып шығып», себепсіз әрекеттер мен шешімдерге, әлеуметтенудің кемістігіне алып келеді.[32]

Әлеуметтік тәрбиенің негізгі субъектісі ретінде жанұяны қарастыруға болады - адам жанұяда алғашқы және басты әлеуметтену процесіне ие болады.

Жанұя мемлекеттік құрылымдар мен қатынастары бар өндірістерді сақтауға қажетті қосымша институтын ретінде емес, адамның ептілігімен қабілетін таратуға жағдай туғызушы құрылым ретінде, қарастырылады. Ол аса маңызды тәрбие институты, яғни жанұя керемет құралдарды, жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы мен өздігінен дамуына әсер ететін кең көлемді құралдарды игеруші институт іспеттес. Бірқалыпты өзара қарым-қатынастар, жанұядағы түсіністік атмосферасы жеке тұлғаны тәрбиелеудің гуманды бағытталғандығын анықтайды. Бұл жүйелі өзара әрекет үлгісін қалыптастырады: жеке тұлға-жанұя қоғам. Алғашқысын адам, жанұя, екіншісіне мемлекет, қоғам және ондағы кез-келген институттар жатады. Қоғамның жанұя көмекшісі емес керісінше жанұяға қоғамға барынша көмек көрсетіп, қолдап отыруы тиіс.

Осындай байланыста әлеуметтік тәрбиенің барлық субъектілердің қызметі үш өзара байланысты бағыттарға қарастыруы қажет.

1. Әлеуметтік балалар тәжірибесін ұйымдастыру және әр баланы жеке тұлға ретінде өзін-өзі толық қанды көрсету үшін қажетті жағдай жасау, оның жанұядағы және жақын қоршаған ортадағы белсенділігі, қоғамдық бағытта өзін-өзі тәрбиелеуі, қоғамдағы интеллектуалдық, эмоциональдық, моральдық, мәдени және жақын ортадағы жеке тұлғаның дамуына бағытталған басқада бағыттардағы құралдарды белсендіре түсуі;

2. Жанұя мен жақын қоршаған ортада тәрбиелеуші ортаны құру; микроортада әлеуметтік қолдау табатын, әлеуметтік мәні бар топтық және ұжымдық мөлшерлерді, бағдарлар мен құндылықтарды (бұлар жеке тұлға үшін жағымды психологиялық климатының негізі болып табылады) қалыптастыру;

3. Жеке тұлға дамуы мен мінез-құлықтарының дамуындағы ассоциациялық ауытқуларды болдырмау шараларының жиынтығын болжайтын әлеуметтік реабилитация мен оларды тарату процестері, балаларға

әлеуметтік көмек көрсету және оларды қамтамасыз ету; балаларды дұрыс өмір сүруге жетілдіріп, қосу.

Әлеуметтік даму мен жеке тұлға ретіндегі адамның жекеше құрылу кезеңі үшін жас ерекшелігі тән.

Әлеуметтік тәрбие жүйесі үздіксіз, педагогикалық тәрбие процесінің мақсаттары, ұйымын көрсетеді, бұл орайда жеке тұлға дамуының әлеуметтік жағдайымен адамның әртүрлі жастарға кезеңдеріндегі психологиялық ұстанымы (балалық шақтағы, мектепке дейінгі, кіші топ жастағы мектеп оқушысы, жасөспірім шақтағы), әртүрлі микроорта салдасындағы (жанұя, балабақша, сынып, мектеп, үй, клуб, әуесқой бірлестік, бейресми топ, т.б.) ұстанымы ескеріледі [33].

Адамды әлеуметтік тәрбиедегі тәрбие процесінің ұстайтын бағыттары төмендегідей:

1. Тәрбиенің мақсат-міндеттеріне орай жеке адам тұлғасын жан-жақты үйлесімді дамыту;

2. Оқыту процесі барысында оқушыларды қоғамдық мәдениет пен рухани байлықтарды (идеология, мораль, ғылым, еңбек, өнер, мәдениет) игеруге қалыптастыру;

3. Жасөспірімдердің еңбек сүйгіштік қасиеттерін еңбек процесінде қалыптастыруды және адамның шығармашылық қабілеттерін дамытуға ынталандыру және әлеуметтік мәні бар әртүрлі іс-әрекеттерін, қызметтерін ұйымдастыру;

4. Әр саладағы қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерде ұжымдық қарым-қатынаста болып бір-бірін сыйлау, құрметтеу, қол ұшын беру сияқты адамгершілікті эмоциялық жағдай туғызып, адамның әлеуметтік функциясын дамыту;

5. Адамның танымдық қызметтерін ұжымды ұйымдастырып олардың қоғамдық санасын дамытуға бағыттау;

6. Әрбір адамның өзін қоршаған ортасына, ұжымына, достарына, өзінің жеке басына деген адамгершілікті-эмоциялық қарым-қатынастарын туғызу болып табылады.

Білім беру мен азаматтық-ұлттық тәрбиенің өзара байланыстылығы

Қазіргі өскелең өмір талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі. «Білім беру-бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз процесі» -деп жазылған[34].

Әрбір елде білім беру ісі өндіргіш күштердің даму деңгейіне өндірістік қатынастардың қалыптасуына байланысты. Сонымен бірге білім беру ісінің дамуы қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық міндеттеріне әсер етеді, әр

ұлттың ерекшеліктерімен сипатталады. Білім беру ісінде осындай түбегейлі мәселелер еске алынады.

Қазақстан Республикасында жастарға білім беру процесі халқымыздың ұлттық дәстүр-салтына, мәдениетіне, экономикасына және саяси өміріне негізделіп іске асырылады.

Міне, осыған орай, заңда көрсетілген білім беру жүйесін негізгі міндеттерін еске түсірген жөн. Олар:

— жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, әрбір адамды дамыту үшін жағдайлар жасау;

— азаматтықты, үйелменнің, халықтың, қоғамның және мемлекеттің алдындағы жеке адамның құқықтары мен міндеттерін ұғынуды, сондай-ақ Республиканың мәдени, қоғамдық, экономикалық және саяси өміріне қатысу қажеттігін тәрбиелеу;

— Республика тұрғындарына жалпы және кәсіптік білім үшін мүмкіндіктер жасау;

— жеке адамның шығармашылық, қабілеттерін және эстетикалық тәрбие беруді дамыту;

— қазақ халқының мәдениеті мен дәстүр-салтын оқып-үйрену үшін жағдайлар жасау.

Білім беру жүйесінің міндеттерін іске асыруда кейбір факторлардың ықпалын ескерген жөн. Олардың бірі қоғамдық өндірістің дамуы және оның ғылыми-техникалық негіздерін жетілдіру. Қоғамдық өндірістің үдемелі ғылыми-техникалық деңгейін көтеру жеке адамның және техникалық білім алу сапасына барынша ықпал жасайды, білім беру жүйесін жоғары сатыға көтереді және үнемі дамытуды талап етеді.

Осыған орай, егеменді Қазақстан жағдайында жалпы білім және тәрбие беретін мекемелер желісінің ұлғая түсуі кәсіптік техникалық, арнайы орта және жоғары оқу орындарын жаппай мамандар дайындау жөніндегі ролі одан әрі арта беруі тиіс.

Білім беру ісін дамытуда педагогикалық фактордың да әсері бар. Мысалы, мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесін ерте бастан қолға алып, оларға тиісті дайындықпен мектепте оқуға дайындау қажет. Ол үшін балалар бақшасында және үйірмеде тәрбие жұмысының процесіне нақты педагогикалық басшылын жасап, оның барында сапасын және нәтижесін арттыру тәрбиешілерден, ата-аналардан, мектепке дейінгі мекемелер меңгерушілерінен үлкен педагогикалық шеберлікті талап етеді.

Білім беру жүйесінің міндеттерін жүзеге асыру білім берудің мемлекеттік саясат принциптеріне тәуелді. Қазақстан Республикасының Заңы бойынша мына мемлекеттік принциптер басшылыққа алынады:

1. Қазақстан Республикасы барлық азаматтарының білім алу құқықтарының теңдігі. Бұл принципке сай Қазақстан Республикасының әрбір азаматы әлеуметтік және мүлік жағдайына, ұлтына, жынысына, тіліне, ұстайтын дініне

карамастан білім алуға құқығы бар.

2. Білім берудің мемлекеттік стандарттары шегіне білім беру қызметтерінің теңдігі. Әр түрлі үлгідегі білім беру мекемелерінің бітірушілеріне қойылатын талаптардың қажетті ең аз деңгейін анықтайтын мемлекеттік стандарттарды республика үкіметі жасап бекітеді.

3. Меншік түрлері, қызмет ету бағыттары, тәрбие беру мен оқыту түрлері бойынша білім беру мекемелерінің әр түрлі болуы (мемлекеттік, жеке меншіктік және аралас болуы мүмкін).

4. Білім беру процесінің осы саладағы сатылардың сабақтастығын қамтамасыз ететін үздіксіздігі. Бұл барлық білім беру саласындағы мекемелерде, әсіресе бастауыш, орталау және орта мектептерде білім берудің сабақтастығын, соған байланысты қисындылық бірізділігі мен жүйелігімен қамтамасыз етеді.

5. Білім берудің ғылыми сипаты, құқылық және экологиялық бағыты. Ғылымның, техниканың мәдениетінің жаңа табыстарының негізінде білім беруді ғылыми бағытта үнемі жетілдіру. Білім беру мекемесі заңды ұйым, оның өзіндік мүлік болады, өз атынан мүліктік және жеке мүлікті емес құқыққа ие болады. Білім беру мекемесі айналадағы табиғи ортаны қорғайды, оның үнемі жақсарып отыруына белсенді көмектеседі.

6. Білім берудің озыңқы дамуы. Халық шаруашылығының барлық салаларының жетілуі білім берудің озыңқы дамуына байланысты. Білім беру ісі неғұрлым ғылым негізінде тиімді ұйымдастырылса, өндіргіш күштердің, халықтық материалдық жағдайының дамылсыз өсуіне игі әсер етеді.

7. Білім беру жүйесіндегі басқару демократизмі. Білім беру ісінің шешуші

шарттарының бірі демократиялық жолмен басқару. Демократияландыру-бұл білім беру мекемелерінің ведомстволардан, жергілікті мұқтаждықтардан, қоғамның және жеке адамның мүддесіне бет бұруы, қоғамдық күштерді білім беру ісін басқаруға қатысуы. Білім беру мекемелері мемлекеттің, қоғамның және жеке адамның білім алу жөніндегі тілектерін орындайды.

8. Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім берудің зиялылық сипаты.

Барлық оқу орындарында және халық арасында оқыту мен тәрбиенің зиялылығын сипаттау, табиғат құбылыстарын, қоғамдық өмірді ғылыми-материалистік көзқарас негізінде түсіндіру халық мәдениетіне зиян келтіретін ымырашылдықпен, жоққа шығарушылықпен күресу.

9. Ақиқат білім алуға кедергі болатын саяси және идеяологиялық ықпалдан білім берудің тәуелсіздігі. Білім беру ісін басқару мемлекеттік-қоғамдық сипатта болады. Республика Білім министрлігі, оның төменгі атқарушы органдары Қазақстан үкіметінің білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады. Барлық білім беру мекемелері ешқандай партияның бірігушілер одағының саяси және идеологиялық ықпалын басшылыққа алмайды. [35]

Бұл мәселе жөнінде Қазақстан Республикасының Заңында толық түсініктеме берілген. Бірақ білім және тәрбие беру мекемелерінің желісін және мазмұнын қысқаша баяндау қажет сияқты.

Білім беру жүйесі мынадай құрылымнан тұрады: Үйелмендік тәрбие. Үйелмен жеке адамның жан-жақты және үйлесімді дамуына жауапты. Балалардың үйелменде тәрбиелеуі білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмыстарымен ұштасады [36].

Жергілікті білім беру органдары мен мекемелер, ғылыми-зерттеу институттары, қоғамдық бірлестіктер, еңбек ұжымдары біріге отырып, оқыту мен тәрбие жұмысын жақсартуда ата-аналарға, оларды алмастыратын адамдарға үйелмен тәрбиесі жайында көмек көрсетеді, жағдайлар жасайды. Мектеп жасына дейін тәрбие. Мектеп жасына дейін тәрбие балалар мекемелерінде жүзеге асырылады. Мұнда балалар 3 жастан 6 жасқа дейін тәрбиеленеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды үйелменде тәрбиелеуге үкімет көмектеседі. Ол үшін ата-аналарға өтем төлемдері беріледі.

Жалпы орта білім. Жалпы білім беретін орта мектептің мақсаты — әр жақты дамыған, адамгершілігі мол, жеке өзінің және қоғамдық мүдделерді ұштастыра білетін, халық мәдениетін жетілдіру ісінде өз ұлты мен жалпы адамзат Қазынасын тиімді пайдалана алатын, зиялылыққа тән қасиет бойына сіңіре алатын адамды тәрбиелейді.

Жалпы білім беретін орта мектептің құрылымы баланың ер жетуіндегі жас ерекшелігінің үш кезеңіне (балалық шақ, жеткіншектік шақ, жасөспірім шақ) сәйкес орта мектеп үш сатыдан тұрады:

1. Бірінші саты — бастауыш мектеп (I-IV-сыныптар).
2. Екінші саты — негізгі мектеп (I-IX-сыныптар).
3. Үшінші саты — жалпы білім беретін орта мектеп (I-XI-сыныптары)

Мектептен тыс тәрбие мен оқыту. Балалардың қабілеттілігі мен бейімділігі дамыту, қоғамдық белсенділігін арттыру, еңбекке, кәсіби бағдар беруге, ғылым мен техникаға, өнерге, әдебиетке, спортқа, ұлттық дәстүрлерге құштарлығын тәрбиелеу, олардың мәдени демалысын, бос уақытын дұрыс ұйымдастыру мақсатында осы жұмыстардың бәрін мектептен тыс білім және тәрбие беру мекемелері ұйымдастырады. Мұндай мекемелерге: балалар клубтары мен парктер, балалар кітапханалары, балалар театрлары мен кино, жас техниктер, жас натуралистер станциялары, балалар стадиондары, спорт, музыка мектептері және мектептен тыс басқа да балалар мекемелері жатады [37].

Балалар мектептен тыс білім және тәрбие беру мекемелері мектептерге жан-жақты көмек көрсетеді, мектептермен біріге отырып оқушыларды әржақты жұмысқа тартады. Мектеп оқушылары ауыл шаруашылық тәжірибелік және табиғатты зерттеу мен қорғау жұмыстарына, әр түрлі байқаулар мен сайыстар слеттер мен көркемөнерге қатысады. Мысалы, жас натуралистер станциясы ауыл шаруашылығына және табиғатқа бейімділігін, қызығушылығын көрсете білген оқушылар үшін үйірмелер, жас натуралистер,

жас механизаторлар, жас метеорологтар, жас агрохимиктер қоғамдарын ұйымдастырады.

Жас натуралистер қозғалысын оқушылар арасында кеңінен дамыту үшін станция мына мақсаттарды алдына қояды:

а) жергілікті жағдайды есепке алып, ғылыми-зерттеу мекемелерімен, ауыл шаруашылық өндірістерінің мамандарымен бірігіп, тәжірибелік жұмыстың тематикасын, жүргізудің әдістемесін жасау, оларды барлық мектептерге тарату;

ә) оқушылардың теориялық білімдеріне және ғылыми қызметкерлердің көмектеріне сүйене отырып, ауыл шаруашылық дақылдарынан мол өнім алу, өсімдіктердің жаңа сорттарын зерттеу, мал продукталарының сапасын арттыру;

б) натуралистік жұмыстарды жүргізудің озат тәжірибесін зерттеу, жинақтау және тарату,

в) селолық мектептердің жанындағы оқу-тәжірибе учаскелерінің және оқушылардың өндірістік бригадаларының жұмыстарына нақты ғылыми-әдістемелік көмек көрсету.

Жас техниктер станциясында оқушылар әр түрлі үйірмелерге (автоматика, радиоэлектроника, транспорттық техника, құрылыстық техника, кино және фото-техника, химия т.б.) қатысып, өздерінің техникасын ойлау қабілетін жетілдіреді.

Жас техниктер станциясының негізгі міндеттері:

а) жастарды техника саласындағы қоғамдық пайдалы еңбекке дайындауда жалпы білім беретін мектептерге тұрақты көмек беру;

ә) оқушыларды мектепте математика, физика, география пәндерінен алған теориялық білімдерін өндіріспен тығыз байланыстыру.

Сонымен, барлық мектептен тыс білім және тәрбие беру мекемелерінің жұмысы өздерінің ережелері мен бағдарламасына, оқушылардың өз іс-әрекеттеріне негізделіп жүзеге асырылады. Мектептен тыс мекемелер өздерінің іс-әрекеттерін мектептермен тығыз байланыстыра ұйымдастырады. Тәрбие және білім беру жұмыстарын осындай принциптерді негізге ала отырып жүргізудің нәтижесінде, оқушылардың түрлі іс-әрекеттерінде қызығушылығы мен бейімділігі байқалады, таным қабілеті дамиды, саналы тәрбие, терең және тиянақты білім алу жолындағы күрес белсенділігі артады. Міне, осылардың нәтижесінде олардың өмірге, дүниеге ғылыми көзқарастары кеңиді, қалыптасады.

Мектептен тыс білім және тәрбие беру жүйесіне саяси мәдени-ағарту мекемелері де кіреді. Оларға кітапханалар, клубтар, элеумттік-саяси орталық, кино, театрлар, түрлі көрмелер мен музейлер, спорт мекемелері жатады. Бұл мекемелер халық арасында күнделікті өмір талаптарына жауап беретін саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізіп, уағыздайды.

Мәдени-ағарту мекемелерінің басты міндеттері:

а) үкіметтің қаулы - қарарларын қалың бұқара арасында түсіндіріп насихаттау;

ә) халыққа эстетикалық және дене тәрбиесін беру жайлы тікелей көмектесу.

Мәдени-ағарту мекемелерінің, қызметкерлері осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатымен, ересек жастардың жалпы және кәсіби сауаттылығын эстетикалық талғамдары мен сезімдерін, қоғамдық және еңбек белсенділігін арттыруда жан-жақты көмек беріп, игі әсерін тигізеді.

Кәсіптік-техникалық білім. Халық шаруашылығын барлық салалары үшін қажетті маман жұмысшы кадрларды дайындау мәселесі кәсіптік-техникалық училищелерде жүзеге асырылады. Бұлар кәсіптік және жалпы орта білім беретін оқу мекемелері.

Білікті жұмысшылар дайындау жоғары кәсіптік-техникалық лицейлер мен техникалық гимназияларда іске асырылады. Бұл оқу мекемелерінде өз мамандығының шеберлікпен меңгере алатын, қазіргі заманғы өндірістік, ғылыми мен техниканың талаптарына сай келетін жас мамандар даярланады. Орта арнаулы білім. Қазақстан Республикасының азаматтары орта арнаулы оқу орындары арқылы кәсіптік білім алады. Негізгі сатыны бітірген оқушылар кәсіптік біліммен бірге толық орта білім алып шығады. Орта арнаулы оқу мекемелеріне әр түрлі техникумдар, педагогикалық, медициналық, әскери т.б. училищелер жатады.

Жоғары білім. Жалпы және кәсіби орта мектептерді бітірген жастар университеттерде, институттарда академияларда және соларға теңестірілген оқу орындарында білім алады.

Арнаулы білім мекемелері. Бұлардың бірнеше түрлері бар. Жетім балалар, ата-аналарынан қорғансыз қалған балалар жалпы білім беретін мектеп-интернаттарында, балалар үйлерінде тәрбие мен білім алады. Ақыл-ойында кемістігі бар және ұзақ уақыт емдеуді қажет ететін балалар үшін арнаулы мекемелер ұйымдастырылады

Қоғамға жат мінез-кұлқымен байқалған оқушылар үшін ерекше күн ырғағындағы жалпы білім беру мектептері мен кәсіптік техникалық училищелер құрылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Республика азаматтарға аспирантураларда, докторантураларда оқып ғылымдар кандидаттары мен докторлары дәрежелерін, доцент пен профессор атақтарын алуға мүмкіндік береді, ғылыми кадрларға деген қажеттігін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау. Жұмысшылар мен мамандардың, басты қызметкерлердің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау арнаулы білім беру: мекемелерінде, кәсіпорындарында, ғылым мен оқу орталықтарында ұйымдастырылады. Кадрлардың біліктілігін арттыру мемлекет қаржысын есебінен және шарттық негізде де жүзеге асырылады [38].

Сонымен, білім мен тәрбие беру — бұл Республика азаматтарының құзыретін және адамгершілік, интеллектуалды, мәдени дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған үздіксіз тұтас педагогикалық процесс.

Үздіксіз білім беру жүйесін жақсартудың басты бағыттары: оны дамыту, демократияландыру, гуманитарландыру, нақты білім беру саясаты және халықтық әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері білім беру ісін жетілдірудің арқауы болып табылады.

Еліміздің білім беру ісінде түбірлі өзгерістер болып жатқаны айқын. Қабылданған білім стандартының, реформалардың мақсаты да аян: әлемде білім кеңістігіне ену. Ал мұғалімнің басты да қасиетті міндеті — рухани жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлға қалыптастыру. Адамзат тарихында Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған ұлы Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі». Өйткені, білім мен тәрбие егіз ұғым. Сапалы білім мен саналы тәрбие шынайы астасқанда ғана тілегі, мемлекет, халық мүддесі орындалмақ, қоғам өзінің рухани дамуына сай асыл қасиеттерге қол жеткізбек.

Оқыту - мәдениеттің белгілі бір мазмұнын (білім, білік, дағды) меңгертуге бағыттталып, арнайы ұйымдастырылатын үрдіс. Білім беру үрдісінде адамның интеллектуалдық және психикалық қабілеттері көрінеді. Жұмабаев Мағжан «Тәрбиелеу — адам баласын кәміл жасқа толып, өзіне өзі қожа болғанша тиісті азық беріп, өсіру» десе, «тәрбие дегеніміздің өзі ең алдымен, баланың сезімін оятып, әсершілдігін дамыту, сезімді тәрбиелеу, яғни, баланы қоғамдық мәні бар, адамдарға жақсылық әкелетін қылық қасиеттерден рахат, қуаныш табуға болады деген сөз» деп жазады Назарбаева Сара Алпысқызы өзінің «Ұстаздан ұлағат» кітабында [39].

Бала тәрбиесі - ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын отбасында алса, жалғасы мектеппен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады.

Мектептің ішіндегі тәрбие жүйесі екі бағытта жүргізіледі.

1. Оқыта отырып тәрбиелеу - бұл тәрбиенің әр түрлі құрамын, мазмұнын жаңа әдіспен ұйымдастыру, сонымен қатар берілетін пәннің ұғымы арқылы тәрбиелеу.

2. Мектептегі тәрбие жұмысы - бұл мектептен тыс түрлі бағыттағы үйірме, клубтар, секция, т.б. арқылы жұмыстар ұйымдастыру [40].

Қорытынды

Балабақшада балдырғандарды әлеуметтендіру – олардың болашақтағы тұлғалық қалыптасуының маңызды алғышарты болып табылады. Ерте жастан бастап балалардың қарым-қатынас жасау, өз ойын жеткізу, өзгелерді тыңдау, ортақ ережелерді сақтау және бірлескен әрекетке қатысу дағдыларын қалыптастыру – қоғамға бейім, жауапты және белсенді тұлға тәрбиелеудің негізі.

Ұсынылған әдістемелік құралда қарастырылған тәсілдер мен жұмыс формалары балдырғандардың әлеуметтік тәжірибесін байытуға, олардың эмоционалдық және коммуникативтік дамуын қолдауға бағытталған. Әлеуметтендіру үдерісін жүйелі ұйымдастыру арқылы тәрбиеші әр баланың жеке ерекшелігін ескеріп, оның өз мүмкіндігін толық ашуына жағдай жасай алады.

Қорытындылай келе, балабақшадағы әлеуметтендіру жұмысы тек тәрбие процесінің бір бөлігі емес, баланың өмір бойы қоғамда өз орнын табуына негіз болатын маңызды педагогикалық бағыт екенін атап өткен жөн. Тиімді ұйымдастырылған әлеуметтік орта – баланың үйлесімді дамуының кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2022.
2. Нұрғалиева Г.К. Мектепке дейінгі педагогика: теория және практика. – Алматы: Атамұра, 2021.
3. Сүлейменова Р.А., Әбдіғалбарова Ұ.Б. Мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік дамуы. – Алматы, 2020.
4. Бектенова Ж.Б. Балабақшадағы тұлғалық-әлеуметтік тәрбиенің заманауи әдістері. – Алматы, 2023.
5. UNESCO. Early Childhood Care and Education for Social Development. – Paris, 2021.
6. OECD. Starting Strong VI: Supporting Social and Emotional Development in Early Childhood Education. – Paris, 2022.
7. Шаяхметова Л.К. Ойын арқылы баланың әлеуметтенуін дамыту. – Алматы, 2024.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
НЕГІЗГІ БӨЛІМ	4
ҚОРЫТЫНДЫ	51
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	52